

Сансызбай Алпысбайұлы



*Көңіл
шері*



Сансызбай Алпысбайұлы

Көңіл шері
(өлеңдер)

Көкшетау, 2003 жыл

*Бұл жолғы жыр кітабымда өзімнің соңғы
вақыттарда жазған сырларымды бастырып
отырмын. Бірден айтайын, мен ақын болайын,
атағымды шығарайын деп жүрген адам емеспін. Өз
мұңым өзімде, өз сырым өзімде! Әйтеуір, жан-
жарым Ғалиямнан айырылғалы қалың қайғым мен
қасіретімді өзімше ақ қағазға түсіріп келе
жатырмын. Менің әзірге сырласым да, көңілімді
орнықтырар мұңдасым да – ақ қағаз. Сол ақ қағазға
жазған жырларыммен сырласамын. Жыр жазып
қана шерімді тарқатамын. Жыр жазсам ғана
қаумалаған ауыр ойдан арылып, жеңілдеп қаламын.
Жырларым-сырларым ғана мені қанаттандырып,
алдағы жарқын бір күндерге жетелейді.*

Автор.

Ақ тілек

(Бауырым Сансызбайдың қуанышына)

Жүрегің бар жаттың жанын жібіткен,
Тілегің бар арылмаған үміттен.
Аңқылдаған адал мінез қалпыңмен,
Арылтасың талайларды күдіктен.

Ғалиядай жарды сүйдің мәңгілік,
Бейнесі оның тұрар күнде жаңғырып.
Жарға деген сенің ғажап жаныңды,
Ақын біткен жырлау керек ән қылып.

Түске кірді кездерінде көз ілген,
Жүрсің әлі суымаған сезіммен.
Махабатқа кір шалдырмас бауырым,
Жар сүюді үйренелік өзіңнен!

Қос ботаңды сенің үлгің қолдасын,
Анасының асқақ рухы қорғасын.
Баршамызды шын шаттыққа кенелткен,
Айман жаным, құтты болсын жолдасың!

Бақыт қонып бастарыңнан таймасын,
Қызығынды әулет болып тойласын.
Күні ертең нәмерелер нұрымен,
Сансызбайдың шаңырағы жайнасын.

Жас отаумен бақыт гүлін ашасын,
Сол гүлдермен мұң наласын басасын.
Ақ отаудың шаңырағы биіктеп,
Қос ботаңның махаббаты жасасын!

Төлөген Қажыбаев.

08.11.2002 жыл

Көкжал

Көкжал жеке қалай өмір сүреді екен,
Бөлтіріктерінің жеткені ме, болып үлкен.
Үйірінен де ешқайсысы жоламай,
Ұлума~~н~~ күні түні өтер ме екен?!

Дала деген оған өте кең,
Жалғыз өзі алысып манайымен.
Тобымен жүргендей болмайды ғой,
Күш қуаты соған жетер ме екен?!

Ортасына оралмай өздері өскен,
Қолдары тез қалай жеткен.
Жарты жылда меңгеру болашағын,
Аңдарда да кездесе ме екен?!

Қыңсылаумен қашанғы маза кеткен,
Қашпаса да зардабы білінеді ет сүйектен.
Қуғынсыз жоғалған күшіктерін көремін деп,
Көкжалың жалтақтайды ерте кештен.

Ең болмаса қаншығы да ермеген,
Бірін бірі арасында тістелеген.
Тағдырының тәлкегі солай болып,
Құдайдың бар жазуы осы ма екен?!

Жалғыздықтан байғұс тозып әбден,
Қақ басқа айналып жәйі біткен.
Үркуді, қорқуды білмейтін апанынаң,
Бір күні шыға алмай қалар ма екен?!

Қысқа өмірде баршылықты елемеген,
Ол ғана емес қаңқиып жүдсмеген.
Шықпай қоймас іздейтін.
Жаксы ит те өлімтігін көрсетпеген.

Мұндайлар әрі бері бола берген,
Артында күшігің бар өзіңе ерген.
Итиіп көне берме көкжалым-ау,
Қарсы ғана тұра алады шама келген.

Ана жак мына жак өзің көрген,
Естілмесін мезгілсіз отың сөнген.
Абайлатып жүргізетін малды жанды,
Қорғайтын бір жағынан басқа иттерден сен.

31.03.02



Балаларыма

Әкең де сенің ұзамай өтер,
Қуаныш көрмей жұрт күлер.
Анаңнан артықшылығым жоқ менің,
Келсе екен сол күн бірақ кетер.

Шамам жоқ сендерді әрі тәрбиелер,
Көріскен сайын қарсы келесіңдер.
Сендердің жасында тұрушы ек,
Қимылына қарап әкеміздің жүрер.

Жанымда болсаң сен ғана білер,
Түсінетін істерді басқа түсер.
Галяжаным, айтушы ең талай,
Көрешегің алдында әлі көрер.

Ауыр ма, жеңіл ме өмір сүрер,
Қатты ма, жұмсақ па жадап жүрер.
Сырттай батыл болғанмен жүйкем жұқа,
Бір басқа осы көрген де жетер.

Нағашыларың өңшең “кемеңгер”
Ақылдарынан шала шықпай сендер,
Ойластырмай жәйін әкелеріңнің,
Қатырып миын жүрсіңдер.

Өмірімдегі бар сүйіп сөңер,
Сендердің айтқандарыңа ғана көңер.
Тиянақсыз уақыт өте берсе,
Бір күні әкеңнің де сәулесі сөңер.

Қаңғырып әкелерің біраз жүдер,
Алмаса құдай өзі берер.
Сорлы бас кешерің мол,
Қайта-қайта айналып келер.

Балаларым, қашанғы үндемейсіңдер,
Уайыммен өтіп жатқан талай түндер.
Татымайтын өткен тұрмысыма,
Берекемді кетірген мына күндер.

Қанқулап көлде құс жүзер,
Жал күйрықты жылқышы күзер.
Сендер болмасаң бірігіп,
Әкеңнің жәйін кім түзер?!

Не қылып ем осыншама безер,
Әкелерің жүр шыдап әзер.
Жоқшылықты көрмеген балаларым,
Тимегесін бастарыңа емессіңдер әлі сезер.

Қасірет қайғы миды тесер,
Пышақсыз буыныңды кесер.
Осының бәрін көтере алсаң,
Сансызбайым болар ең ер!

06.04.02.

Қиын екен расында...

Елүменен алпыстың ортасында,
Сәкенің жүр екі ойдың арасында.
Осы көргенім де аз емес,
Жалғыз болу қиын екен расында.

Айтушы ең, Галяжаным, анда-санда,
Қаларсың жалғыз қанша жазылсам да.
Рахаты маған керегі жоқ,
Денсаулыққа не жетер бұл жазуда?!

Шақырғасын әр тойға барасың да,
Бойың сыймай жалғыздықтан басың да.
Жүргенің іздеп неше түрлі себептерді,
Жұрт сияқты кете алмай аяғында.

Түседі ойға әр түрлі отырғанда,
Айналаңа сүзіліп қарағанда.
Ішінен көзге ілеккен емес,
Келмейді Галяма бір ұқсаған да.

Ғалиямды қанша аңсап сағынсам да,
Артынан көп шаруа атқарсам да.
Болмайды, тоқтамайды тулап жүрек,
Тойғызбайды көңілің тасыған да.

13.04.02.

Өзімді жұбату

Тымауратып жүргенімде талай,
Бұрын белгісіз өткен қалай?
Әбден басылмаған осы жолы,
Үйде отырдым есік терезені сығалай.

Денсаулықтың кемдігі тұр ғой жарай,
Тағы да батады жалғызсырай.
Тым болмаса жетпей ме,
Болғаны жанымда біреудің қыбырлай.

Өзіңнен-өзің отырғаның сыймай,
Төсегің мен дастарханың да жиылмай.
Қалайынша ғана өтеді екен,
Ғұмырлары жалғызбастылардың бұлай?!

Төрт қабырға шаршатасың тесіле қарай,
Жалтақтағаным осы күнге дейін аздай.
Галяжаным, көп уақытың үйде өтіп еді,
Қандай күшпен отырғансың шыдай?!

Біреулерден соғылады телефон сыңғырлай,
Әрі-бері жағдайыңды сұрай.
Жүре тұра алмағаныңа өкінесің,
Шіркін денің саулығына не жетер-ай!

Ауырып сырқап өттің ғой, Галям-ай,
Бастағыны екінің бірі түсіне ме-ай?!
Өзің барда елемеуші ем,
Анау-мынау, тымау-сымау.

Жылы жұмсағың еді ем-ай,
Жымыып қарағаның да беріп қуат, дем-ай.
Өзің барда Галяжаным,
Ештеңеден болған емен бір кем-ай!

Іздескен бір-бірімен табысар-ай,
Әрекет істейді ғой жазылар-ай.
Жоқтың орны толмаса да,
Болса екен көңілдің басылары-ай!

Өтпес өмір жоқтауменен осылай,
Жалғыз мен бе жүрген сыздамай,
Көресің де, көнесің де тигесін басқа,
Не істейсің болғасын жазу солай.

Жан ашитын ағайыным туған-ай,
Барыңменен бөліссең ғана жаққан-ай.
Алдыңда атқаратын шаруаларың түр,
Мықты бол өзіңе-өзің Сәкен-ай!

Айнала жұрт әңгіме баққан-ай,
Ішінен жоқ сытылып бір жағына шыққана-ай,
Қолдарынан түктеме келмесе де,
Бірігіп ап сыртыңнан мін таққаны-ай.

Сондықтан Сәкен жүр болмай,
Баратын жерден түр қалмай.
Балаларыңа ғана керексің,
Күтініп жүр жиілетіп ауырмай.

25.04.02.

Есіме түседі әке, ана

Жасымнан кемшіліктің қалмағаны,
Оған жабысып жесірліктің қосылғаны.
Бір-біріне жалғасып ғұмыр бойы,
Тәңірімнің мені неге жазалағаны.

Бала кезден анамның ауырғаны,
Есімде берік әлі қалғаны.
Ақырып тұрған әкең болса да,
Жетпеуші еді шешемнің бір жымығаны.

Он бір жастан шетте оқытқаны,
Келіп кеткенімше алдыма бәрін тосқаны.
Бүгін жылы желдей соғады,
Барын жәйіп анамның қарсы алғаны.

Таза жүр деп шомылдырғаны,
Үсті басымды келісімен жуғаны.
Кейде бір еске түседі,
Анамның маған жұбанғаны.

Галямның да ауырып сырқағаны,
Жазыламын деп үнемі қаралғаны.
Соғыссыз, сотсыз батқаны ма,
Шашымның түсіп мезгілсіз ағарғаны.

Шіркін-ай, бұл өмірдің жалғаны,
Көзім әбден жетіп болғаны.
Қайтып келер күн туса,
Болар ма ең бақытымның оралғаны.

Жетіспей ұсақ-түйек қысылғаны,
Білдіртпей бірдемені жасырғаны.
Балаларым келгенде қаладан,
Есіме түседі анамның толғанғаны.

Есімде әлі әкемнің ашуланғаны,
Шырылдатып шешеме қол салғаны,
Сабына қамшысының жабысып ап,
Жолында өлемін деп қайсарланғаны.

Болмаса да арқамыздың жауыры,
Ұмытылмайды көп аттың да бауыры.
Уақытында істеле қоймаса бір шаруа,
Әкеміздің бітпеуші еді дауылы.

Бірақ оңай болатын қайтуы,
Қашанғы келе берсін ашуы.
Осы күні ойлап тұрсаң,
Келеді әкеме мінезімнің тартуы.

Әжем мен апаларымның әкем тілін алмағаны,
Соқпаса да анамды ылғи жазғырғаны.
Түсінсем кейін бұл жанжалдар,
Төлгеннің шешесін әкемнің тастағаны.

Неге бүгін айтады деп мұны,
Ойламаңыздар жиғаны несі қайдағыны.
Әр кезеңнің өзіндік белгісі бар,
Бұл да бір сағынғаным бұрынғыны.

Барқыт апам мен Қуандық ағаны,
Бригада мен ферменің асынан қызғанғаны.
Анасы емес пе олардың да,
Болған шығар беріп жасырғаны.

Ұмытпау керек Құекеңнің асырағаны,
Әжесімен бауырын үй ғып ұстағаны.
Бала жастан еңбек етіп,
Колхозда да совхозда да абыройының болғаны.

Ерегісіп шешемнен мені айырғаны,
Көкшетауға жасқа дейін апарғаны.
Сондағы мақсаттары мұқату боп,
Көз алдымда анамның айтып жылағаны.

Қалайша айтпасқа бұл ерекше тұлғаны,
Көп жыл бойы колға қараған анама шыдағаны.
Мықты ұстап жеткізген адам қылғаң,
Атышулы Алпысбайдай әкемен ағаны.

Немәнге өз әкесін өзі мақтағаны,
Түсінетін кісіге бұл жоқтағаны.
Он бес жыл толса да өткеніңе,
Асқар тауым жеке болып тұрғаны.

Бірінші май анамның дүние салғаны,
Кетпейді естен мәпелеп аялағаны.
Ширек ғасыр толса да жоғына,
Таусылмайды ұлының сағынғаны.

Галяның да ата-анамды сыйлағаны,
Ауырып жүріп шаруадан қалмағаны.
Мінез құлықтарын көтеріп күткені,
Ұмытыла ма, жанұямның асыл жаны.

Шақырғанда оқытуға құран дұғаны,
Бір кісідей ағайынның жиналғаны.
Үлкен бір сауап болғай,
Ата-анамды естеріңе алғаны.

Төлеген жүр танымай ата-бабаны,
Екі еткізбей тыңдаған Қайрияны.
Шашылып қалған совхоздың байлығынаң,
Үйрене алмай игеруге даланы.

Бір бауыр Қайыржанның Рамазаны,
Асырып қожалығында өзінің заңы.
Аман сау бол ерекше күйеусің ғой,
Арасында болады танымай қайны ағаны.

Өзгеше біткен мал мен жаны,
Қоныспайдағы Неғметтің келінжаны,
Той десе күні бұрын жүретің,
Келмегені дұғасына анасының не қылғаны?!

Көз алдымда талай таянғаны,
Әкемнің қамшысымен таяғы.
Кейінірек ойласам әдісі екен,
Берген тәрбиесінің басыменен аяғы.

Анамның кемшілік көріп жылағаны,
Естен шықпайды жүре алмағаны.
Әйтеуір балаларының бәрі жетіп,
Орындалды құдайдан бар сұрағаны.

Бабамыз салып кеткен өмір жолы,
Болса екен қашан да жақсылыққа толы.
Іске асса арманым жоқ,
Кезінде ата-анамның тілеп айтқандары.

30.04.02.

Қарағашқа

Керек емес ешкімнің де ақылы,
Бітпейтін ағайынының ылғи дауылы.
Ақдөңгіл мен Кеңашының ортасында,
Атығайдың Қарағаш деген ауылы.

Шеттерінен атақты, аты шулы,
Ар жақ, бер жақ молла қажы.
Қасиетті жер мен елден шыққан,
Белгілі біраз ақыныменен жазушы.

Жеті атасы Даңқой руы,
Үлкен кішісінен айғай шуы.
Құйрығы басылған жыландай,
Қылт етсе шырт ететін ағайыны.

Аз шаруа болатын көп даулы,
Өздерінен басқа түгел кінәлі.
Нарықпенен жекеменшік араласып,
Мезетте бүріккен судай басылуы.

Барлық жер мен су атаулы,
Азаматтары көпшілігі қалаулы,
Арасынан бөлініп тұрады,
Сырымбеттей сегіз қырлы бір сырлы.

Болып ең колхоз, совхоз орталығы,
Тату тәтті еңбек еткен халығы.
Бас бірігіп демократияны түсінбей,
Быт-шыт болды-ау шаруашылығы.

Ертеден қалың болған Қарағашы,
Жарты ел екі көше Қызылағашы.
Енді тағдыр құлдыратпай,
Көрінбесе екен солардың жалаңашы.

Атабай мен алты алаштың баласы,
Болар енді жөнсіз ретсіз таласы.
Қол ұстасып түсінісіп,
Қолға алғай ауылды болғанындай баяғы.

Көп жұртың әруақыт айтары,
Қырық жылдай басшылардың шабарманы.
Жұмысты да, сыбысты да үлгеретін,
Шәймерденнің Ебіл-Башары.

Бүгін қалдың үлкендердің жалғызы,
Мал шаруа жеке бастан артық маңызы.
Бұрынғыны аңсағаннан түк шықпайды,
Біріктір жігіттерді бола бермей даңғазы.

Баяғы өткен орыстың жанаралы,
Күмісөлген нуында біржолата қалғаны.
Бір түймесін тапқызбаған,
Тереңнен мықты ғой жоғы-бары,

Өмірімнің он сегіз жылы,
Мәз-мейрам сайрандаған қызыққа толы.
Алғашқы рет Алматыға барғанда,
Осы елден Ғалияның болып еді жолы.

Еркесі де желкесі де болып жаны,
Ұмытыла ма аяқ шалып болғаны.
Оқып мектебінде атқарып қызметін де,
Болған емен толтырып кісі саны.

Райкомның хатшылыққа ана мынаны ұсынғаны,
Сол жолы Шәкітқай мен Төлегеннің болмағаны.
Ел үшін сайысқа түскенімде қолдамай,
Мәңгі есте елдің мені қатты сынағаны.

Бірінші мен жетінші ауылдың сол жақ тұсы,
Жататын ағарып көшесі де жазы қысы.
Орал дейтін інішек байқаңыз деп,
Анау жатқан бабамыздың ата құсы.

Жұмыстан қалмаушы ек қысы-жазы,
Қойшыбай мен Сұңғатқа болып разы.
Бүгін сол тәрбиенің арқасында,
Жүргендеймін болып жүйрік тазы.

Үй күйін ұстай алмаса да салағы,
Оған еріп қойнындағы “дорағы”,
Мән айтуға ерінбей,
Болушы еді кәрі жасы қырағы.

Айтып жөнмен айызыңды қандырғаны,
Көкшетаудан келіп кетіп қалғаны.
Пайдасы ауылға бір тимеген,
Сыймаса да кітап, газетке жазғаны.

Бөлініп ата-атаға жүргендері,
Бір-біріне жол бермей білгендері.
Бір табынға симағандай,
Жылқыларды не қылғаны бөлгендері.

Бірінді бірін көп жалдамашы,
Тұрып жатқан ағайындар шаршамашы.
Бір жұртымдай әлі елімсің,
Берекең кетіп бытырап тарамашы.

Айналаңа ағайын оңдап бұрылып қарашы,
Не болады деп құр отырмашы.
Қосылып бірге еңбек етсең,
Нарықтың да жақсылығын көресің, шыдашы.

Борсықпайдың Аябын еске алшы,
Ғасырдың басында болса да жалшы.
Адал еңбектің арқасында,
Жүзге жеткен бар ма бабанда қарашы.

Әлі ыстық жері суы және ағашы,
Бауырларым, мен іштерінде нағашы.
Ана-мынаны тердің деп,
Сансызбайды бұл несі екен деп сынамашы.

09.05.02.



Ауылым

Жетермін жолдарменен қырлы-ойлы,
Қыпшақпенен Қабанбайдың бір ауылы.
Орнында қара жұрты қалсадағы,
Келгеніңше толғанасың жүрек толы.

Қоршаған Кәріқыстау күйген талы,
Түйебас, Құрымсүрген, Қарағай.
Жатушы еді қамаусыз күндіз-түні,
Ауылдың қой, жылқысы және малы.

Мешітпенен қожак, би ауылы,
Ордабайдың қалың қара нуы.
Егістік боп қалдыңдар,
Кедел, төпі қоралары.

Кешке қарай алтыбақан жиналғаны,
Түні бойы ақсүйек айналғаны.
Әлі есімде жастардың ертеңіне,
Тұра алмай шөп шабуға жатқаны.

Қос өзектің жасыл жайлауы,
Жаз шықса қызу еңбек қайнауы.
Шіркін-ай жерлестерім қандай тату едің,
Екі үйдің бірі бие байлауы.

Өмірге келген жерім ферма қонған,
Асық ойнап доп қуған.
Ыстық болады екен ауылың,
Жалаң аяқ жалаң бұт аунаған.

Өсіп едік үлкендерге қараған,
Балалық шақ балалармен алысқан.
Көкшетау мен Қызылтудың бағытында,
Күндіз түні машиналар айдаған.

Қыс түссе астында қардың қалған,
Өткінші ме, орталықтан кеп тазалаған.
Қанша ма қиындық көрсе де,
Ағалар мен аталарға таңқаламын шыдаған.

Ақ кимешек шәлілерін ораған,
Қайдасың бәрің сағынам.
Апаларым, аналарым, әжелерім,
Құрт майын алдыма жайған.

Қызыл қайың тегін емес аталған,
Алпыс жігіт соғысқа да аттанған.
Болашағы жоқ деген,
Тарадың-ау шолақ саясаттың қырсығынан.

Қасқырды әкем жайдақ алған,
Өлмей жатып терісін сыпырған.
Ауыл болып шоқпарменен,
Кезінде аюды да қамап ұстаған.

Ауылым мезгілсіз жабылған,
Сол кезде Ақбастың да суы тартылған.
Тақыр жұрты қалса да,
Бабам-ау, ізің ісің көп қой қалдырған.

Кейбіреулер көреді кейбір ағалардан,
Әңгіме мен суық қол деп солардан.
Ауылым бір кезде жоқ болды-ау,
Айрандай ұйып өз жәйімен отырған.

Жұмабай үйінен иіне ағашпен су тасығам,
Шамам келгенше ылғи асығам.
Кешігіп қалсаң үйдегілер салған ойран,
Талай рет еске алушы ең, Галяжан.

Осы ауылдың келіншектері маған,
Қай жерде жүрсем де жақын болған.
Ара тұра бір көрмесем,
Айтушы ең ғой сағындым деп, Галяжан.

Ауылым менің осылай есте қалған,
Шынында да ырас екен дүние жалған.
Бұл пәниде бірі кеп, бірі кетпесе,
Жеті атам бүкіл бабам қайда сыйған.

Ата қоныс орын тепкен Жаңатілек,
Жатырмысың Теректіағаш бәрін тілеп.
Ауылым өткен сайын өзіңнен,
Бала кезім сағынышпен еске келеді.

Сылайтын төбемнен қабырғаны,
Ақбауырдан кірпіштің жасалғаны.
Үлкен шаруа болып еді,
Шым үйлердің қайтадан салынғаны.

Бірігіп әр науқанға қосылғаны,
Бұрынғылардың осы жолды салғаны.
Кейіннен бір сәтте бұзылып,
Ауылымның қинайды иесіз қалғаны.

Күн көріске сүйеу болып жарағаны,
Ботқа мен айран ас болғаны.
Қара бұзау, жер үй, бөдке,
Ұмыта ма еңбек еткен адам жаны?!

16.05.02.

Жоғың сенің батады

Галяжаным, жоғың сенің ылғи батады,
Ебің келмей үй ішінде бас қатады.
Ас орнымен жататын жер жиналмай,
Қашанғы тас талқан боп жатады?!

Неге бердің құдайым қыз бен ұлды,
Түсінбейтін мүлдем жөн ақылды.
Сарғайып жүрген әкені сезбеген,
Екі жыл, төрт ай міне — толды.

Әке боп бірдеңе айтсаң теріс қарайды,
Бұлай жәбірлене берсем нем қалады?!
Бір жағына шығатын жанның жоғы,
Өкіндіріп қайта-қайта ойға салады.

Уақыт деген білдірмей озады,
Кім болса да қайғыменен тозады.
Анасының орынын қызғанған балаларым,
Бір сөздерін қия алмай әлі созады.

Іштегі мен сырттағы араласады,
Қатыгездік өрескелдік бұрынғадан асады.
Жүре тұра, шыға кіре миың ашып,
Жоқтан өзге көңілді кір басады.

Осы жұрт бір-біріне қарасады,
Қарап тұрсаң сыртынан жарасады.
Атқа мінген болса біреуі,
Ақыл айтысып бір-бірімен таласады.

Маған да шаруалары болса тез табысады,
“Бәленің, түгеніңмін” деп жабысады.
Жағдайыңды түгел біліп тұрса да,
Шешілмесе сол жерде міндетсініп тырсияды.

Қол боста көңіл шер жазылады,
Батқасын жанға іштегі ақтарылады.
Қанша қой дегенмен ағайыным,
Көзім жұмылса ғана тоқталады.

Жаласыз болса адам ақталады,
Жарасы болса сауығып жазылады.
Қаралы болса көз жасы тоқтамай,
Сол қалыпта мәңгілік қалады.

Галям-ау, осы күнім бір сәтіңе татымайды,
Туыстар деген бірі жоламайды.
Шеттеріңнен түгел мұқатқанымен,
Көз атысып тарыла сығалайды.

Ал енді, Сәкен, осымен жарайды,
Қойсаң да болады деп қазбалауды.
Артық та емес, кем де емес,
Бауырларың жүр, бәрі де ағалайды.
Ол аз болса бүкіл елің еңбегінді,
Қорыққаннан емес, сыйлағаннан бағалайды.

18.06.02.

Өкініш

Неге ғана көндім екен,
Операцияны істеуге деген.
Жүріп, тұра алмасаң да,
Үйде болғаның артық екен.

Арамызда жоғыңа еркем,
Екі жыл төрт ай өткен.
Зымыраған уақыт белгісіз,
Тағы не алдымда көрер екем?!

Қысқа өмірде кім арманына жеткен,
Туа ма жақсы күн, мен күтем.
Балаларым әлі үндемесе де,
Орныңды кім басады деп ертең?!

Кемшіліктерді неше түрлісін көрген,
Бастан талай кешіп жүрген.
Аз уақыттың ішінде,
Қарасыңа бір тұрмайтын өмір сүрген.

Осылай бола берсе әбден,
Қасиеті бар ма басып жерден.
Ашуланып бір күні келгенімде,
Орнымнан тұра алмаспын мүлдем.

Байлығың — басыңның аманы екен,
Жалғыздықтың жанға батқаны жаман екен.
Мұндайды он ұйықтасам ойламас та едім,
Әлі де жағдай түзеледі деп сенем.

24.06.02.

Бурабай

Далам~~ен~~ салыстарғанда Бурабай,
Ежептәуір Көкше биік қандай!
Етегіне жеткенде сезінесің,
Бар ма екен тау осындай?!

Айнакөлдей кездесе ме бұл маңайда-ай,
Мөлдіреген көз жасындай.
Бірқалыпты жайқалады,
Мауқын жұрттыңбасқандай.

Шың басына шыққандай-ай,
Абылайдың алаңы алақандай.
Кең даладан келгенде боласың,
Оқжетпесің күтіп ап тұрғандай.

Жасыл желек, қайыңменен қарағай,
Жанұяммен дем алған жазда талай.
Күннің көзі шағаланып,
Көлеңкеде жатушы ек қызығып-ай.

Сырылдап аққан бұлағың-ай,
Ішкенінде шөлің қанбай.
Шәйінуге, жуынуға және емге,
Жарайтын қасиетті суың-ай!

Барған сайын көзің тоймай,
Қайтарында қия алмай.
Қайталанбас осы Жер шоқтығы,
Қаласың қалай сені мақтамай.

Астана жақтан жақындағанда-ай,
Көріндің көзге ес алғандай.
Автокөлікте келе жатып өлеңнің,
Жеті ауызын арнаған Сансызбай.

28.06.02.

Көңілді жібітесің...

Көңілді жібітесің жылағанда-ау,
Төрт қабырға көртішкен қарағанда-ау.
Тұла бойдан шықпай қойдың,
Кіргенде ғана жерге басылама-ау?!

Шыға алмаған апасынан ұлым-ау,
Жаны ашып мазаланған ағайным-ау.
Өмірімді өткен еске алғанда,
Жынданып кете жаздаймын-ау.

Түскені ме менің басым-ау,
Токтауы жоқ бір жасымау.
Мазам әбден кеткенде,
Жұбанамын барып тасып-ау.

Түйіндесем жағдайды ұл қызым-ау,
Ақыл жөнге салсаң осынау.
Жек жегіңе жеткізбей әкенді,
Қалтырып ұятқа ойламау.

Сенерім болсаң мынау,
Балаңның бары атағым-ау.
Сендерсің енді деп жүргенде,
Көрсетесің кезектесіп қарағым-ау,

Өмір өтіп барадыма-ау,
Атқарған ісің жарадыма-ау.
Болмағасын Галям жанымда,
Жалтақтап артыма қарадым-ау.

Күн өткен сайын шаршадым-ау,
Шаруамды ешкімге артпадыма-ау.
Неге екенін білмеймін,
Бәлкім әдетімнің жалғасыма-ау?!

Келмейді қолдағың қызым-ау,
Әкең сенің мәңгі жасайма-ау?!
Қартайғанда керексіз боп ешкімге,
Ешқайда симағаным жарасама-ау?!

Бірге болсандар бір сәрі-ау,
Жылға тарта міне болды-ау.
Жүрсіндер жеке отау боп,
Жалғыздығы әкеңнің батпайма-ау?!

Анаң қызым айтпап па еді-ау,
Әкенді жүдетіп алма деп-ау.
Кімге болса да ата-анадан өз бағы,
Жақын деген ырас екен-ау.

Қашаңғы кердендеп жүрген-ау,
Дұшпаның сырттан күлгені-ау.
Екі жарым жыл болса дағы,
Үшеуінің ақылға бір жетпегені-ау.

Сайтанның арамызға кіргені-ау,
Аз ба еді бастағы жарамыз-ау.
Түсініп келісе алмай балаларым,
Өмір бақи қырғи қабақ қаламыз ба-ау.

Айналам ең жақын аз жанбыз-ау,
Жақсылыққа ішіміз тармыз-ау.
Дұрыс болсын бұрыс болсын,
Екі сөзге келмей ұрысуға барамыз-ау.

Бәрін де білдіртпеген Галям-ау,
Мінез құлқың ерекше данам-ау.
Көрсін дегенің бе өзің жоқта,
Қарсы келуін балалардың бетім-ау.

Бастағы қайғы біреуге бата ма-ау,
Ұмытылмайтын мәңгі ботам-ау.
Ойыма да бойыма да сіңіп алған,
Өзіңсіз таңым бір ата ма-ау.

Аяз түспей судың беті қата ма-ау,
Уайымсыз басың құр қатама-ау.
Күні-түні мазалағанмен,
Қайғының орны тола ма-ау?!

Жападан жалғыз домалау,
Оң жақ, сол жақ сипалау.
Қия алмай жүргенімде төсегінді,
Қаламын ба мүлдем далада-ау!

01.07.02.



Атың сенің өшпесін деп...

Кәртiшкелерiнiң бiразын үлкейткем,
Бары аздай санын көбейткем.
Сағынғанда көңiл басылсын деп,
Салдырып ем бейнәсiн де суретпен.

Кәртiшкелерiн түгел тiзбелегем,
Өмiрiмнiң кешегi ескерткiшi ең,
Кiм көрiнгеннiң қолында кетпесiн деп,
Бiр альбомға бәрiн жинап ем.

Естелiктiң алғашқысы “Жанымның жарасы” ең,
Екiншiсiн “Қайғыңменен жасыдым” деп ем.
Үшiншiсiнiң жартысы жазылып тұр,
Бастыруға соны шамам жетсе екен?!

Жүрмiн ұстап өзiмдi өлеңдермен,
Жазылатын қол боста күнде ертемен.
Атың сенiң өшпесiн деп,
Жүзден аса шығарма арнаған ем.

Киiмдерi тозбаған сол қалпында iлiнген,
Бiлгендерi айтады неге таратып бермеген.
Қалай ғана қия аласың бетiмiң,
Келмейдi көргiм әркiмнiң үстiнiң.

Әйтeуiр уақыт өтедi жұмыспенен,
Арпалысып ағайын сыйласпенен,
Кешегi өмiр көз алдымда,
Ненiң құрметiне бәрiн ұмыттам мен?!

Белгілері көп өмірден бірге сүрген,
Оте қымбат ұстаған әр нәрсең.
Болмағасын өзін, ерекше көріп,
Мазаланып Сәкенің әлі жүрген.

Бейне таспа он жетісі сейфтен,
Ашқан сайын қатар санап өтем.
Тозбасын деп өшпесін деп,
Анда санда сұрауменен көрсетем.

Ойлағам жоқ “Джип” сынды көлік мінім,
Алдырмас ең болсаң сен.
Бәлекеті не керек сөзге қаласың деп,
Алды-артын ойлайтын данам ең.

03.07.02.



Танысып ем өзіңменен

Еңбек жолын Шұңқыркөлде бастап ем,
Ол кезде қылшылдаған жас та ем.
Отыз екі жыл бұрын ағанның тойында,
Галяжаным, танысып ем өзіңменен.

Сол кездерде күндіз-түні келіп ем,
Көліктермен тура және көлденен.
Түскенде есіме сол сәттер,
Қаласың бүгін ойланып жетім бе мен?!

Келіп кеткен сайын өзіңнен,
Аққұдықта тұрсам деп армандаушы ем.
Бес-ақ жыл болды-ау ғұмырын,
Дәм жазып төріне еліңнің келгенмен.

Балаларым жек көріп түсінбеген,
Олары нағашыларының “саясатынын” әсерінен,
Миым қатты не қыл демекші,
Өзі ұялатын болдым екiнiң бiрiнен.

Галяжаным, қызға айттым дегеннен,
Ештеңе де тұрмысқа лайық өзгермеген.
Не ашылмайды, не басылмайды,
Бала емес қой айтқаныңды елемеген.

04.07.02.

Балаларыма наз

Жандары ашып ағайыным,
Одан қалмай маңайым.
Алаңсыз жүрген сендерге,
Естірткім келеді айтқандарын.

Ескертеді жалғыздықтың қажайтынын,
Құдайға ғана жалғыз жарасатынын.
Өткен де, жүрген де түгел риза,
Не жүрісің деп мынау жадырамайтын.

Сағынып аналарыңды жылайтыным,
Білмейді жұрт қимайтыным.
Орынына біреуді әкелуге,
Сендерсіз менің бармайтыным.

Ата-анасыз да ұрпақтың далада қалмайтының,
Екі өмірді ешкім жасамайтының.
Менің басымда ғана ма осы жәй,
Ер жетсе баланың аса көңіл бұрмайтының.

Қайын жұрт жиендеріне ақыл айтатұғын,
Өздерімен өздері бақас өңшең антұрғаның.
Ата-енем әлі болса дер ме еді,
Жүрме деп Сансызбай болса қосылатының.

Жұрт сөзінен болдым ұялатын,
Соңғы кезде әбден мазаланатын.
Қалай тұрып жатсың дегенде,
Таба алмайсың жер кіріп шығатын.

Байқарсындар енді шамаларың,
Көргілерің келе ме ауытқаның.
Талай рет жазып жемізіңмен,
Осы болар түсінсендер балаларым.

Кездескенде мұңдасым мен құрдасым,
Батырып көңілдегіні бөлісіп айтасың.
Тұрмысың мен жұмысың сай емес деп.
Сен десетін үлкен-кіші замандасым.

Әкелеріңнің жеңіл емес ауырың,
Басындағы атқарып жүрген шаруаларың.
Бастарыңа берсін демеймін.
Қашанғы мені түсінбейсің, балаларым?!

Жүргем жоқ мен көп жасаймың,
Бұйырған ырыздықтан қашпаймын.
Қалай сендер ойлайсындар,
Күтіп жүрсіндер ме бәлкім көз жұмарым.

Қашан жетеді ақылың балаларым,
Ұнатасындар ма әлде нағашыларыңның сыбыстарың.
Қалмайды бір ұстап алған,
Кездескен сайын сырттай жалаларың.

Ұмытпандар кімнің не айтып қоярың,
Тыңдап жүрсіндер ғой басқаларың.
Одан да құлақ қой тілегіңе,
Ата, апа және ағаларың.

Белгісіз менің қаншаға жарауым,
Ренжітсендер де оңай ғой тарауым.
Күн сайын барады жағдай ауырлап,
Ойға салшы соңғы бір осы сұрауым.

06.07.02.

Әрине оңай емес...

Көп күттім деп айтпаймын,
Бірақ та ойлап жүрдім әрдайым.
Не болады деп жүргенде,
Өздерің бердің хабарын.

Айман , Алмаз балаларым,
Қуанамын жеткеніңе ақылдарың.
Екі жыл бес ай болғанда,
Арамызда жоғында аналарың.

Түсінгендерің жарым жаның,
Жалғыздықтың ауыр тарын.
Әрине оңай емес сендерге,
Аналарыңның қию орнын.

Ішінде өткен он бір айдың,
Көндім ғой ісіңе құдайдың.
Келіп кетіп жүрсеңдер де,
Болмады реті Ғалиямды жоқтамаудың.

Әрі өлшеп, бері көп ойланамын,
Өтіп жатқан жәйларға толғанамын.
Жалғыздық қанша батса да,
Батылым жетсе дағы тартпақтаймын.

Білемін жасымның ұзамайтынын,
Заманның бұлай тұрмайтынын.
Түстік өмірің болса,
Қажеті ғой малды жинайтыны?.

Көз жетпейді ертең не болатынын,
Жақсы ғой жер күнде баратынын.
Өр ме, төр ме, күн бе, түн бе,
Белгісіз ғой қайда қалатының?!

Бұл жалғанға көздің тоймайтынын,
Екі өмірдің қайтып болмайтынын.
Сезінесің, ерте ме, кеш пе ажалдың,
Бұл пәниде әйтеуір қоймайтынын.

Сондықтан берген рұқсатың,
Ол емес көздеген мақсатым.
Білгендерің өздеріне абырой,
Алғандарың кезінде жақсы атын.

Демендер ойлайды деп қара басың,
Жоқ аналарыңды әбден сағынғасын.
Екі күннің бірінде жүргенім,
Көрсеткізбей сендерге көздің жасын.

Мұның бәрі енді болмасын,
Анасыз бала жыламасын.
Ғұмыр қысқа сәтті болып,
Түсінбеушілік мүлдем қайталанбасын.

Е, жәй емес қой балаларым,
Жұмасына келгенінде ашуланғаның.
Сақайғанда түсінерсіңдер,
Өмірдің жүйесі мен ағынын.

Тырсыып томпиғанша қайыным,
Онандағы қамтындар шаруа жайын.
Теріс қарап айналғанмен,
Барасың қайда туыс болған ағайыным.

Бала деген бауырменен ет жаның,
Алғысымды алдын ала айтамын.
Аман жүрсең сөзге қалмай,
Болар еді бергеніңмен қосқаның.

Еске салар менің ақылым,
Жүргендерің тиыш ақырын.
Кездестірмейсің бәрі болсадағы,
Біреуден біреудің артығын.

Бүгінгі қалған бар жоғым,
Тимесін бастарыңа жала, шағым.
Жаксы жаман ата анаңды,
Жоғары ұста солардың аз атағын.

Тыңда қабыл ал үлкен батасың,
Іздемеңдер ішінен оның қатасын.
Азды көпті көргенім бар,
Жайбарақат қалай айтпай қаласың?!

24.07.02.



Жас келеді екі көзден

Қалың Қарағашта әлі жүрсем,
Галяжаным, аман болар ма ең?!
Барып қайтқан сайын,
Ойға түсіп қалам мен.

Он сегіз жыл тұрған ел жерімен,
Ауырсаң да қалмай қызметіңнен.
Осы ауыл өзі қызық деп,
Бірде күліп, бірде ренжіп жүруші ең.

Кешегім өткен еске түссен,
Парлап жас келеді екі көзден.
Мен бе жалғыз жылаған бұл өмірде,
Емес пе келе жатқан ежелден.

Аттандырып күнде ертемен,
Жұмыстан бір қалтырмаушы ең.
Жұмысың жайлы болсын дегенің,
Осы күні кетпейді естен.

Қарағаштан мол тәрбие алып ем,
Тәжірибем де ұлғайып бар агрономмен.
Бәлен жылғы оқығаным, тоқығаным,
Академиядан артық болмаса, болған жоқ кем.

Ақыры жазушылардың бұл елімен,
Кезінде оты болып, шығушы ек күлімен.
Кейбіреулерді шеттеткісі кеп тұрса-да,
Шын ықылас ниетпен әлі жүрем мен.

26.07.02.

Жүрексінем

Ыдыс-аяғың бір шайылмай,
Жатар жерің уақытында жиылмай.
Екі жарым жыл толмақшы,
Жалғызсырап берекем кеткен күнім-ай.

Көзден жас ылғи тиылмай,
Көңіл күйімбір ашылмай.
Ат үстінде болғаның неге керек,
Тұрмыс жәйін шешпегесін ойдағыдай.

Не жетеді жүргенге тарылмай,
Жеке бастың шаруасы мынадай.
Өмір деген қысқа емес пе,
Өкінесің-ау ертең-ақ апырмай!

Ата-бабам, анашым мен жарым-ай,
Жақсы көретін қос жеңгем-ай.
Ойыма көп келесіндер,
Оралмайтын о дүниеде жатқаны-ай.

Қашан келсем үйім-ай,
Тұрғаның көңілге бір жылымай.
Күңіреніп ылғи қалмақпысың,
Жасырғандай бірдеңені ішке жинай.

Көлденендеп ұл-қызым-ай,
Әкең жәйін әбден ойламай.
Жүргендерің бет-бетіңмен,
Құдай алдында не жаздым-ай?!

Шешілмей қойдың қарғам-ай,
Өз жәйінді де мүлде ойламай.
Кейбіреулер шөбересін де көрмекші,
Мен сорлының көретінім осы ма-ай?!

Көп тындайсын әкенді Алмазым-ай,
Анаң тартқан маңғазым-ай.
Ізбасарым сен де жас емессің,
Құр жүрме бос, сарбазым-ай.

Жүргенім бе іске асып орындалмай,
Өткен сайын уақыт сандалама-ай.
Бір қызық көретін мезгіл болды,
Жете алам ба сол күнге ақсамай?!

Мен де жүрмін ешкімді тындамай,
Жас емеспін алды артыма қарамай.
Жетектеп біреуді әкелуге,
Жүрексінем қалам ба деп байқамай.

02.08.02.



Жаныма әбден батады

Сандалтып қойдың ұл-қызым-ай,
Мінездеріңді әлі түсіне алмай.
Қалай ғана білдіртпеген,
Ауырып жүрсе де асылым-ай.

Не істеп ем бұларға құдай-ай,
Бетімен кеткендей сыйламай.
Ит қасқырдай аршиды,
Естімеген о заманда бұ заман-ай.

Екі жарым жыл он күн ай,
Қайғырғаным аз беді-ай?!
Адам сияқты бір сөз жоқ,
Осынша ма сендерге не қып ем-ай?!

Осының бәрін бір көрсең-ай,
Қайтып келер ме ең оралмай.
Жаныма әбден батады.
Сағындырып шаршаттырған, Галям-ай!

Кездескен емен ақыл айтқан адам-ай,
Керек емес болғаны ма жарамай.
Балаларға әсерін тигізе алатын,
Нағашылары ақылдарыңды айтсаңшы аямай.

Балама шамамның жетері-ай,
Байқалады күннен күнге бітері-ай.
Жұрт тойына барған сайын,
Қиналасың өз қызығыңды көре алмай.

Айналып қайта келе алмай,
Бытырап біз көре алмай.
Көз алдымнан кетпейсін
Жер мен жексен болған, Галям-ай!

Бұрынғы күйіме не жетсін-ай,
Өзіңменен өткен өмірім-ай.
Қарым-қатынас әбден бұзылып,
Балалар жүр олай-бұлай.

Өкінесің де қаласың шіркін-ай,
Бүгінгі жайдың тұрарын осылай.
Құлайтын жерге төсемеспем білсем,
Жылы жұмсақ жамбасыма батырмай.

Қанша тырыссаң да жасып-ай,
Іштегі біліңді сыртқа тасып-ай.
Тоқтайтын күні болар ма екен,
Көңілді ақтаратын жұрттан жасырмай.

Әлде шаршағаным ба шыдай алмай,
Балаларымның еркелегін көтере алмай.
Оларға да оңай емес анасыз.
Тұра бермес бұл өмір осылай.

03.08.02.



Әлі есімде

Жаздың басы үлкендердің барғаны-ай,
Әлі есімде ұмытылмай қалғаны-ай.
Ата анаңның тойымызды,
Әне-міне деп күзге созғаны-ай.

Орақ басталатын тамыз айына-ай,
Он екінші, он үшінші күндер бұйырған-ай.
Кейін айтып жүрді көпшілігі.
Тамсанып Сансызбай мен Ғалияның тойын-ай.

Шынымен отыз жылдың толғаныма-ай,
Уақытым зымырайсың қалай-қалай?!
Ақ көйлек фатаңменен қара шекпен шалбар,
Үш күн, үш түн үстімізден тастамай.

Апа жеңгелеріңнің тізіліп тұрғаны-ай,
Сытылып екеуінің алдымыздан шыққаны-ай.
Көрмей жатып күйеу жолдаспен,
Қалтамызды олай-бұлай ақтарғаны-ай.

Екі жақта палатканы құрғаны-ай,
Симағаны өзіміз деп тұрғаны-ай.
Ақ түйенің қарыны жарылғандай боп,
Үйлену тойымыз өтіп еді жер жара-ай.

Осы күні үйде болсаң Галям-ай,
Бермес пе ең ағайынға бір шай-ай.
Еске бәрін алғанымен,
Не істерін білмей жүр ғой Сансызбай.

Өкінесің де қоясың апыр-ай,
Не келер қолдан әттең-ай.
Жымиып бізге қарағаның,
Болушы еді бір тойдай.

Жүріп ең біраз созбалай,
Ағам бар алдымда деп талай.
Жолыңнан әкетемін дегенімде,
Мұнайып ең жоқ па дөп сенің бауырың-ай.

Жәйдан-жәй түспейді бәрі есіме-ай,
Жыламсырап батынасың күнім-ай.
Үзіліп дәмін, сөніп жарығың,
Қалтырдың бізді кімге жаным-ай?!

Он екі, он үшінші тамыз қуаныш-ай,
Ақпанның жиырма төрті реніш-ай.
Осы екі күн жүрегімді,
Елжіретеді және тіледі қайшыдай.

Тұла бой біткен ақыл-ай,
Бір сөзді екі қайталамай.
Іске асырушы ең ойынды,
Соныңды да сағынамыз бүгін-ай.

Бұл өмір тұра бермес мұнша-ай,
Белгісіз жүретінің енді қанша-ай.
Түскенде еске жақсы күндері,
Шыдай алмайсың шыбын жанша-ай.

Қатысқанда бірсыпыра тойларда-ай,
Көз алдыма біраз алғандай.
Шіркін қайтып келсе жастық шақ,
Ой келеді болатындай батырдай.

Тартсаң да көңіл қанша алғай,
Болмайды енді баяғыдай.
Балаларым, өзім аман болып,
Болса екен бәрі ойдағыдай.

Түстің еске отыз жыл осылай,
Өткен дүниеде көз бар ма-ай.
Үнемі жылағанмен, зарлағанмен.
Әттең келмейсің ғой қайта Галям-ай.

Жетер енді осы қайғым-ай,
Өтемін бе бұл дерттен жазылмай.
Әрбір толғанғаның мазаланғаның,
Қағазға қалған емес жазылмай.

Көз алдымда ұшқан аққу қаздай,
Ойымда жүрдің ала жаздай.
Еске алғасын отыра алмадым,
Құр алақан бір екі ауыз өлең жазбай.

Отыз жыл жарты ғұмырым-ай,
Жүремін үнемі естен шығармай.
Бір өзің дегенде айналайың,
Егілемін, еңіреймін іштей-сырттай.

Қасиетің, мінезін, көркін қандай,
Бұл өмірде тұрмайтын жандай.
Осы күні көп ойланамың,
Соңғы күндегілерді неге айтқандай.

Ауызына құдайдың салдырғандай,
Алды артыңды байқап жүр деп тапсырғандай,
Сұм ажал жұлып алып ортамыздан,
Шіркін-ай болмады ғой ақыры ойдағыдай.

13.08.02.

Алаботаға

Кезінде аталарым орын тепкен,
Ашаршылық жылдары өмірі өткен,
Құрылғаннан қырқыншы жылға дейін,
Бір ауыл болып еңбек еткен.

Малы да, жаны да, жері де кең,
Өмір жайға бейімделген ел екен.
Нарық қанша қысса дағы,
Алабота кетпеген әлі берекен.

Кім де болса Алаботаға сиып кеткен,
Өзіміз түгіл келсе де қиыр шеттен.
Екінің бірі кімді алмасаң да,
Тастай батып судай сіңген.

Қасиеті бірнеше ежелгі елдерден,
Ер де шыққан Айсин Әлсен,
Жүз тоқсан екі азамат,
Марапатталып таққан медаль, орден.

Ала бас қара малдың қадірлісі ең,
Әр жүз аналықтан алынбаған тоқсаннан кем.
Жетпіс жылғы алынған төл,
Қазіргі шаруашылыққа сияр ма екен?!

Шет елдерден әкелінген тұқымымен,
Жанып бағы мамандардың ғылыммен.
Мемлекет көлемінде шығарылды,
Неше түрлі мүйіздісі мұқылымен.

Алабота атың шыққан осы малмен,
Оны баққан төрт ұрпақ жанмен.
Тойлауға түгел қақың бар,
Ардагерлер, зейнеткерлер, бүгінгі еңбекшілермен.

Ұзақ жылдар еңбегі сіңген,
Ата, аға кешегі атқа мінген.
Олар салған даңғыл жолдан,
Қалар емес бүгінгі жүрген.

Ұйымшылдық әуелден біткен,
Еңбек сайысында ғана белдескен.
Бөлініп руға, қууға ата,
Жоқ әлі жан кездескен.

Бір кездерде жиырма бес ұлтқа жеткен,
Қазір де он екі ұлт қызмет еткен.
Жұмыс орны болар ма екен деп,
Өтінішпен сұранып жатады өткен кеткен.

Елу жылда ел жаңа деген,
Жетпіс жылды көріп білген.
Келген қонақ ардагерлер,
Аз емес елімізге баға берген.

Арқасында жігіттердің біріне бірі ерген,
Мына күні той жасау абырой үлкен,
Заманында бірі қонақ болып жүрсе,
Бірнәшесі мін іздеп сынай келген.

Әр тұрғын аулақ болғай бейнеттен,
Болсын байлық жинақталған еңбекпен.
Алабота даңқың арта берсің,
Асыл тұқым зауыты сақталып ертең.

Тойдың боларынан боладысы қызык деген,
Қарап қалған адам жоқ қол тигізбеген.
Жетпей жатса да каражат,
Өкінбеймін тойымызды бекер өткен.

Сегізінші жыл жаманат естімеген,
Аларың жұмыстан тек қанағат еселенген.
Жаксы көп істердің куәсі,
Жетпіс жылдық салтанат өткізілген.

Қатысушылар құттықтауын арнады әр жолмен,
Басқарғасын қуанышын елдің бастан төмен.
Алған бүкіл әсерімді түйіндеп,
Он алты ауыз өлеңімді шығардым мен.

23.08.02.



Әке тілегі

Ертең балаларым жүресің бе,
Жұмысың мен оқуыңа кетесің бе?
Әкелеріңе тағы үндемей,
Біраз уақыт өтесің бе?

Жете ме құр сөзбен мақсатына,
Күмән жоқ далада қаларына.
Іске аспай ой қимыл,
Жетер ме адам арманына.

Ала жаздай жұмысынан шыға алмай,
Әкеңе жылы жүзбен қарай алмай.
Жүргенің ылғи қоқиып,
Айкөнім, ойындағыны жеткізе алмай.

Демінді ұлым ала алдың ба,
Арасында ренжіп қалған жоқсың ба?
Ана шаруа, мына жұмыс және жүгіріс,
Осылай жаз бойына басыңда.

Осы жаздың қалай өткенін білмеймін,
Ешкімнің айтқанына көнбеймін.
Бақырсам да, шақырсам да өздеріңе,
Көп үміт арта әлі жүргендеймін.

Ғалиямның көзіменен өзіңе,
Айналайын тастап кеткен сөзіңе.
Жұбанышым, қуанышым әлі де ойлаң,
Әкелерің тайып тұрған жоқ жүзіңе.

Бұл өмір келеді де кетеді,
Ертеңгіге қамдаған ғана жетеді.
Қысқа өмірің аққан судай,
Білінбей ғана бірақ өтеді.

Өздеріңсіз ілгері жүре аламын ба?
Қызықсыз бір күн күле аламын ба.
Не олай, не бұлай емес,
Қақ бас болып осылай қаламын ба?!

Өмірдің өзгеше болып тұрмайтының,
Білесіңдер сендерсіз шешім болмайтының.
Балаларым тағы үн қатпай барасың,
Біле тұра әр күннің мені қажайтының.

Болашаққа алға ұмтылғаның,
Ұлым сенің ақыл толтырғаның.
Жаның ашып қолдағың келеді.
Білдірткізбей апаңнан жасырғаның.

Е, апаң да жамандық ойламай,
Жүр ғой нағашыларының сөзін қимай.
Көздерің әбден жеткенше,
Өтермін мен де көп ұзамай.

Түсінбей қойдыңдар ғой әкенді-ау,
Әлде ойлайсыңдар ма ол көнбеді-ау.
Бастарына бермесін қайталамаймың,
Құтылатын қайғыдан жарығым да сөнбеді-ау.

Әйтеуір сендерге болсын жақсылық,
Кездестірмей өмірде жаман қылық.
Бақытты болыңдар тілейтінім,
Үзілмесін тоқшылық пен молшылық.

Балаларым, көргім келеді қызығыңды,
Жұрт сияқты атқарып тойларыңды.
Құдайым соған аман жеткізсең,
Жұмсар ем қуанышқа бар жоғымды,

Қызым-ау, жұмысың тұрмысыңа жарассын,
Ұлым-ау, үздік оқу әрі жалғассын.
Әкелеріңнің де шаруасы алға басып,
Тәңірім не бұйыртады соған жазсын.

30.08.02.



Менің әкем

Ордабай қыпшак бабасы,
Айғабақ қырғыз нағашысы.
Әбдірахман мен Батиханың,
Алпысбай тұңғыш баласы.

Кезінде атқа мінген ел дарасы,
Палуан да болған бір ауылдың панасы.
Аштықты да, соғысты да бастан кешкен,
Ол кезде отыз, қырық арасы.

Шұбырғанда ел іздеп жерді жақсы,
Алабота совхозына болған екен бармақшы.
Ауылға да керек емессің бе Алпысбай дегенде,
Басқарма Балтағаріпке келмепті қарсы.

Ерте де, кейін де болдың елдің алдыңғысы,
Маза көрмей жазы қысы.
Атқарам деп алғасын мойынға,
Колхоз, совхоз және сауда жұмысы.

Жігіттердің болып жатса тартысы,
Бөлмеуші ең ішінен кінәлісі қайсы.
Көне қалушы еді көргенде,
“Алпаға” деп қиянқысы мен ашулысы.

Біраз жер болатын шабындығы,
Аймақ, Аралағаш аралығы.
Күндіз, түні ұйқы көрмей,
Жүрдің қадағалап әрбір мая, атжалды.

Қара бұзау ауылдың егін бригадасы,
Аз ба көп пе елдің болған ырысы.
Басқа жан табылмағандай,
Анамды апарып ең қылып аспазшы.

Мың тоғыз жүз елу жетінші жылы,
Еңбекпен жанып бағы.
Еңбек Қызыл Ту орденімен,
Марапатталып болып едің елдің алды.

Ағайын мен жатқа істеген жақсылығы,
Ұмытыла ма есте әлі барлығы.
Жатырсың бүгін төмпешік боп,
Қарағашта колхоз совхоз орталығы.

Өз балаңнан артық көрдің Ғалияны,
Ұйтқысы боп сақтаған жанұяны.
Қартайғанда да із қалды,
Немерелерінің еркелігімен алданғаны,

Бір елдің бүгінгі басқармасы,
Нарық қысымына жүрген қарсы.
Басшылықты қолға ұстауым,
Бәрі өзіңнің тәрбиенің арқасы.

Жиырманасыншы ғасырдың құрбысы да, құрдасы,
Не көрмедің ішінде сексен жасы.
Оттан да соттан да аман қалып,
Тегін емес болғаның ел ағасы.

05.09.02.

Аптайға

Өмір деген түс пен өңдей,
Естігенде ала алмадым үндей.
Бір қотан ел аптай деуші ек,
Өкінішті-ақ дүниеден мына өткендей.

Жүруші едің еріп ағатайға,
Араласып қалмай бар жайға.
Ерекше бір жұп едіндер,
Өнеге боп біраз жермен Даңқойға.

Амандығың бір қалыпты әрқашанда,
Көп естіп көруші едім Қарағашта,
Артық бір сөзге келмейтін,
Ағайының мен алты алашта.

Ұлдарың мен қыздарың риза шығар,
Ауыздарынан Ербаян, Сақыш емес тастар.
Күмән жоқ тәрбиенмен ақылыңа,
Бір елдің тізгінін жетіп ұстар.

Нүрилә, Қайныкештен кейінгі ең,
Ауылдың суығы мен ыстығына кең.
Тіршілік жалғаса береді ғой,
Кездесе ме енді дана сізге тең.

Жетісінен тарағанда қалды дейді,
Бүрісіп бір бұрышта ағатайды.
Бұнысы әлі басы болар,
Күн алда сағынатын аптайды.

Балаларың отағасыны жүдетпес,
Көргендерін өзіңізден екі етпес.
Қаншама үлпілдеп айналса да,
Сізден артық ешкім жетпес.

Ағатай қадірлім, сабырлы бол,
Болғанға болаттай қажырлы бол
Аптайымыз жұмақтан орын тепсің,
Бар адамдар оралмайтын бірақ жол

Бүкіл ел боп аса мақтайды,
Көп уақыт еске алар аптайды.
Өйткені соған тұратын жан емес пе,
Сондықтан басқаша айтуға жатпайды.

Қызылағаш үңірейіп қалғандайсың,
Кешегі күн бүгін жалғандайсың.
Аптайымыз бес-ақ күнде дүние салды.
Ағайын бұған қалай иланбайсың?!

19.09.02.





Бір кездері өзі білім алған Алабота орта мектебін 1971 жылы бітірушілерді Ғалия да барып құттықтап, солармен бірге суретке түскен еді-ау!..



Ағайын-туысқа жақын, бауырмал еді ғой, шіркін Ғалия! Мына суретте Талап пен Сараның қоңақтап жүрген сәті.



Ғалия және Сара жеңгесі.



**Бурабай.
“Жұмбақтастың”
қиясындағы Ғалия.**



**Барқыт апай және
Жасқайрат
жездемізді Ғалия аса
бір ардақтап,
сыйлайтын.**



**Ғалияның “Щучье”
санаторийіндегі
кезекті бір дем
алған сәті. 1976 ж.**



Гүлмираны ұзату тойы.



**Ғалия мен
Жұмабике.**



**Атамекені – Германияға кеткен Александр мен
Екатеринаны да Ғалия ешқашан жатсынбайтын.**



**Люся мен Петроның немерелерімен қонаққа келген сәті
еді бұл.**



Ғалия өз жеңгелерінің ортасында отыр.



Той дастарханының сәні еді ғой Ғалияжаным!..

**Ғалия қайын
ағасы Төлеген
мен абысыны
Қайрияның
сыйласы да,
сырласы да
болатын.**



Жалт етіп бір қарағаның арман енді...



**Ғалия Бурабайдың
әсем табиғатын
ұнатушы еді.**



**Нені ойладың,
аяулым!**

**Ғалия ауылындағы
көршісі Валентина-
мен бірге.**



Ғалияның үйдегі бір сәті.



Ауылда өткен бір тойдың ескерткіші бұл



Ғалия мен Зейни.



Тойда отырса да терең бір ойдан айықпайтын Ғалия ғой бұл.



Ғалия (оң жақта) мен Жанна.

Александр мен Екатерина
Фляктардың Германияға
жүрер алдында қоштасуға
келген сәті.



Анардың құдалығы. Еске түесе сағынатын кез ғой бұл!



Анардың құдалығынан кейінгі сәт.



Ғалия өзінің 49 мүшел жасын тойлап, сыйлас құрбыларының ортасында отыр.



Қонағының көңілінен
қалай шығамын деп
тұрған Ғалияның
ұмытылмайтын
бейнесі.



Ғалия...
Ғалия менің!..



Естен кетпес сол бір
кез... Ғалиямен
бәріміздің Рамазан
мен Гүлбаршынның
шақырғанында
отырғанымыз еді бұл.



ың осы бір отырысын
ғынамыз әрдайім.

Өзімді өзім жұбату

Ақылдарың толған Күн мен Айым,
Бергенімен келісімің айналайын.
Құрысын мұндай өмір сүрген,
Аналарыңсыз екі жыл жеті айым.

Сендерді аттап қалай шыдайын,
Жылдан асты жүрсіндер балақайым.
Жақсы ат емес мешкей деген,
Қашанғы үйде жалғыз қалайын.

Кім білген жесір болу оңайын,
Жүре берсең қақ басың да емес қиын.
Бөлінгенмен қанша көңіл,
Телміргенімді үнемі кімнен жасырайын.

Сергелдең болған мынау жайым,
Жырау мен жырлау ылғи дайын.
Екі жыл сегізінші айға кетті.
Шықпай қойды бойымнан сары уайым.

Балаларым, түсінесіндер ме тұрмыс жайын,
Шаршатады күнің өткен сайын.
Әкелерің әлі шыдай берер,
Керек қыласыңдар ма өмірін қысқартайын.

Онды солды ешкімге қарамай,
Жүрген емен біреуді байқамай.
Қорқыныш кейде бойды алады,
Қалам ба деп түктемеге жарамай.

Біршама ұмтылсам да тоқтатайын,
Күндіз түні Ғалиямды жоқтайын.
Өткенмен бүгінгі күн араласасың,
Шыбын жан-ай қайда сені сақтайын?!

Жүргенім жоқ біреуден артық болайын,
Жыртық көңілімді қалай жамайын.
Тағдырым, көңдіргенің бе осылай,
Балапандарымнан асып қайда барайын?!

Мұнымды жазуменен ғана жұбатайын,
Ашуымды жұмыспенен ақ таратайын.
Өмір деген өте қысқа емес пе,
Көргенімді, білгенімді жақсылыққа жаратайын.

01.10.02.



Тарта бер алға жарық әлем

Өзі қай күн еді деп айтушы ең,
Дайындап бірдемені жатушы ең.
Құрдастарым келгенде осы болады деп,
Екі үш шөлмегіңді қоюшы ең.

Кейін қалғанында арақтың мүлдем,
Ішпейсің кім келуші еді деуші ең.
Кешіне қарай үйрек пе қаз ба пісіріп,
Көңілімді көтеруші ең жанұяммен.

Анан айтушы еді деп туған күніммен,
Арасына бір жыл салмай балалармен.
Үшінші рет жоқсың жанымда,
Құттықтайтын қазанның жетісімен.

Осылай нақ күн өмірге келген,
Талай рет өтуші еді қызықпенен.
Жанашырыңның болмағаны батқандай,
Жүргенім біреуі құттықтай ма деп кешеден.

Алақтайсың маңайына таңертеңнен,
Шаруа деп туыстарым да көрінбеген.
Елес болып мәңгі қалғанымда,
Жылдағы еститінім жан еркемнен.

Біреу жетіп, біреу жетпеген,
Елу алтыға келгенмен.
Көп жыл бұрын осыдан,
Байғұс балам деп ойлап па ем?!

Жалғыз бас кемшілігіңнен,
Қатарыңнан қалғандай кем.
Толғанасың ойланасың тебіреніп,
Шығып жатса да жұрт көңілінен.

Қосылып бойымдағы қайғымен,
Өмірдің соққысы осы ма ең?!
Күн қысқарып түн ұзағанда,
Тағы да жазыларсың біраз өлең.

Екі тұрмайтын бұл дүнием,
Ұмтыласың аз ба көп пе өмір сүрем.
Күш қуатымды кемітпей,
Тарта бер алға жарық әлем.

Бір жас па, он жас па ертең,
Аман болсам талай келем.
Көретінім қызық болып,
Жалғассын өмір ұрпақпен.

07.10.02.



Наз

Менің де болғаным ба ауыратын,
Ақырын жүрегімнің шаншылатын.
Орнына жүдеп жадағанша,
Келгенінде балалардың қуанатын.

Тізгінді әлі ұстаймын білгенімше,
Балаларым ойлайды өздерінше.
Басқан аяқ, сөйлеген сөз,
Оларға көрініп тұрады керісінше.

Осылай жүргеніме қажитынмын,
Күте, күте балардан шарашайтынмын.
Ақылдарын айтқанымен алыс жақын,
Байқалмайды дәл жаның ашитынын.

Беріннің басында бір күлкының,
Қашан болады қанағат ағайыным.
Әлде нарық па қатты қысқан,
Бірің жоқ бір-біріңді ойлайтынын.

Бір жағыма шығар қарындасым,
Бауырына түсіндірген боп шырылдайсың.
Балаларым-ау, ашық айтқан апанды,
Құлақ қоймай нағашынды тыңдайсың.

Осы жұрт балапан деп қақсайсың,
Берін көтеріп отырғандайсың.
Өз басым мойын бұрып балаңның ойламағаны,
Керексіз боп далада қалғандайсың.

10.10.02.

Қызыма

Келгеніне қуанам мына жасқа,
Болашағың алдында, қызым, саспа.
Гүлдей жайнап өтсін өмірің,
Күлкі болмай дұшпан, досқа.

Бекімеген бауырың Алмас та,
Әкең жәйі де мына жаста.
Саған бәрі оңай емес,
Әрі бері болмайды ойламасқа.

Ақылың жеткілікті бір басқа,
Ашуланба әкеңе бостан босқа.
Ағайын туысыңа бірдей бол
Сүйенішім, ұмытпа өмір қысқа.

Егер де артық сөз айтсам басқа,
Тілім тисін қара тасқа.
Анаңдай мен бола алмаймын
Толмасын енді көз жасқа.

Өмірің толы болсын қызыққа,
Ие бол таусылмайтын бақытқа.
Таудай дәулет бергенімен,
Жетпейді оның бармақтай баққа.

Балдай бала кезің көз алдымда,
Анаңның қос қанаты болғаныңда.
Тырнақтай ғана бөпе едің,
Іштей мақтанамын бүгін ақыл-жөн айтқаныңда.

Екеу болу бұл пәниде бұзықпа,
Созыла бермес жағдайымыз ұзаққа.
Қаршадай боп көніп жүрсін,
Жанұяңның түсетіндей тұзаққа.

Рахмет бүгінгі келген жамағатқа,
Құдайым атандырмай жаманатқа.
Туған күні тұңғышымның құтты болсын,
Бағы ашылсын кездесіп бір азаматқа.

18.10.02.



Ағаға наз (Төлөген Спиридонұлына)

Алпыс жылдығыңыз Төке,
Болды ғой үлкен мереке.
Қайырлы құтты болсын,
Мерей тойыңыз ерекше,

Жастайыңнан араласып еңбекке,
Барып ең Арқалыққа қызметке,
Жүрексініп біз қалғанда,
Ауылымызда болып мойын желке.

Төрінде Астананың қара күзде,
Патшамыздың сарайының түбінде.
Ұмытпай мәңдей ініңді,
Шақырғаның қалады мәңгі есте.

Жанұяңның темірқазығы Кәке,
Жетелеген отағасын көкке.
Ризашылық әбден білдіресің,
Көргенінде атқарылған әр іске.

Сүйіп жатырсыздар нәмере,
Жететін бол әлдилегуге шөбере.
Тілектің бәрі орындалса,
Алыс емес иіскеу де нәмеңе.

Қарындасыммен екі ініме,
Күйеумен екі келініңе,
Кәкеңмен берген тәрбиенің,
Қайтарымы тұрды біліңе.

Азаматтар жиналған өңшен көке,
“Торғайлықтар” кешегі өгіз, бүгін теке.
Партия ма, нация ма, әлде мафия ма,
Түсіңе алмай отырдым кеше.

Аталған арғымаққа өкпелеме,
Өзің ғой біресе кеш біресе ерте.
Басында болып балдызың,
Жүрерінде айтпай кеткен ештеме.

Жүре бер ортаңа болып ерке,
Достарыңның арасында сері, серке.
Ет тірлігінің аркасында,
Кетпесін басыңнан бақ-береке.

Барған жан жоқ жеке,
Екі кесе шәймен етке.
Төрт жүз шақырымнан жер су асып,
Жетіп едім сіздің ниетке.

Бес сағата бұйырмады-ау бес минут те,
Өзімізсің ғой деп шетке.
Ескертсем де қайтамын деп,
Ығыстыра бердің сол кеште.

Солтүстіктегі туған еліңізге,
Не сәлем болады деп сездіңіз бе?!
Сопиып барып, сопиып қайтқан,
Отыз сегіз жыл болып жүрген ініңізге.

Бар мінез әр нәрсеге күлдіруге,
Жас емеспіз баяғыдай бүлдіруге.
Отырғанмен төріңізде шықпағанға,
Өкінемін жұрт алдында бір көрінуге.

Қабыл болсын кел дегені жүзге,
Қонақтардың бәрінің айтқаны сізге.
Сол жиыннан алған әсерімді білдірем,
Он бес ауыз өлеңмен өзiңізге!

20.10.02.

Налып жүрмін

Келгендерінде үйге қуанам,
Тіршілік кіргендей босағам.
Кейде бір тез арада,
Ашуланасындар кезектеп маған.

Бұлай бұрын неге болмаған,
Қалай бәрін білдірмей ұстаған.
Жүйкеңкүрып жүрсе де,
Галяжаным, саған таң қалам.

Маңай түгел жетпей жатқан,
Жүдемесін деп алақандары толған.
Түсінбей қойдың балаларым,
Асай алмай ықылық атқан.

Не қыл дейсіндер маған,
Біреу аздай екеуі қосылған.
Бір емес талай рет,
Өкінішке орай беттен алған.

Жүремін қашанғы қақсаған,
Емеспін бе, мен де тірі жан.
Сүйеудің сүйемелдеудің орнына,
Келген сайын шу шығарған.

Шықпай қайғы басымнан,
Айрылмай көздің жасынан.
Бұлай өмір сүргенше,
Тисе екен орын Ғалиямның қасынан.

Бітпейтін бұл не қылған,
Жастарың жетті ме басынған.
Көтере беретін шама жетпей,
Әкелерің емес жарымжан.

Шыдай-шыдай шаршаған,
Көре-көре көз талған.
Бекіспейтін балалармен шаруа,
Бітпей қойды берекені алған.

Сұрамаймын ақыл жастан,
Ақ кіргенше қара қастан.
Телмірткізбей дерт кірсе алып кет,
Құдайым мыналарға қаратпастан.

Білгендей айтушы ең Галяжан,
Мінез құлқы қатты жаратылған.
Кейде өзіңнен сескеңем,
Қол сала ма деп маған.

Сезгенінді, көргенінді Галяжан,
Қалдым жалғыз арқалаған.
Екі сөзге келтірмей бауырын да,
Өзіне қарап тартып алған.

Осылай ренжігенде жазам,
Кеткенінде бойымнан мазам,
Балаларым әйтеуір аман бол,
Болғаны ма көңілдің әбден қалған.



26.10.02.

Қашан да риза болам

Әкесі мен бауырының қабағына қараған,
Түскендей тура анасының аузынан.
Осы бойынмен қалсаң екен,
Білетіндер сүйініп жат та сыйлаған.

Әкесінің айтқанынан шықпаған,
Көрсен де, естісе де мән қойған.
Жібек жібіндей көрінген,
Айналайын бұл маңғаз баламнан.

Сабағынан өз бетімен қалмаған,
Жеке тазалығын да ұқыпты ұстаған.
Аз ғана бос уақыты болса,
Үйді жинап есік алдын сыпырған.

Өскенінді көрсем деп анаң,
Көзіңе талай жас алған.
Жетпейтінін сонда бұл күнге,
Біліп жүрген ғой Галяжан.

Атамызда мұндай мінез болмаған,
Таңқалмаймын өзіңе ешқашан.
Болғандықтан ба ұқсағасын анаң,
Қашанда ризамын балам саған.

26.10.02.

Алғашқы қуанышым

Аманкүл деген Қызылордадан,
Телефонмен өтініші болды сұраған.
Он баламның кенжесі еді,
Өткен екен деп қызыңыздың алдынан.

Баламнан ақырын сұрасам,
Қарсы енді ешкім саған.
Шықпайды деп алдыңнан,
Ағыл тегіл жылаған.

Түсінікті болды маған,
Сол сәтте білмеймін не болған?!
Қуаныш па, қызғаныш па,
Бойды әбден кернеп алған.

Рас па, өтірік пе бұл жалған,
Сол сәтте өзімді өзім қолға алған.
Ақыл беретін ағайыным мен қайыным,
Өздері маған қараған.

Қайта алып телефонды содан,
Құдағи деп сөз шықты ауыздан.
Келісіміне көз жетті балалардың,
Оларды дедім аттап қайда барам

Құдағиым тіпті ме қуанғаннан,
Үлкен қызыммен алты адам.
Жібермекшімін сіздің жаққа,
Басқа жағдайымыз жоқ деп құдам.

Береке кеткен жоқ әлі бастан,
Мында дедім елім бар араласқан,
Туыс болмай жатып кемсіңгенің бе,
Қай қазақта болады үлкенсіз баталасқан.

Жуырда ғана емделіп шыққам,
Ауыр сөзге келмейікші әуел бастан.
Не болса да белді буып,
Құдай қаласа үлкендеріммен деді барам.

Одан қалды ілік-жілік не болған,
Бас тартамын қалың малдан.
Қырық бес туысыма жол жасап,
Құтыласың дедім бар шаруадан.

Құрамы он үш ересек, бес баладан,
Төрті күні шыққанын хабарлаған.
Алтыншы қарашада күтіп алды,
Құдаларды Көкшетауда Рамазан.

Келгесін жек-жатты алыс жолдан,
Күтіп жатты ерекшелеп басқадан.
Танысып екі жақ та араласа,
Ауқаттанып қонақтар ес жинаған.

Дәстүр бар Сыр бойында сырға салған,
Рұқсат бересіздер деп бас құдам.
Білгендерін айтып жатты бірден де,
Шақырып ап жастарды іске асырған.

Сол сәтте құйрық-бауыр келіп қалған,
Екі жақ бір-біріне бата ұсынған.
Оңтүстік пен Солтүстіктің рәсімдері араласып,
Ақсүйек қожалармен құда болғам.

Аманкүлмен енді болдым туысқан,
Белгісі оның бата алып күшақтасқан.
Әңгіме тілек, ән айтылып,
Мәжілісіміз әрі қызу жалғасқан.

Қашанғы мені құдай жылатқан,
Оразбек, Қыйзат, Сақыш, Қайни Аққұдықтан.

Сый құрмет көрсетті құдаларыма,
Бағлан мен Шолпан Амандықтан.

Жетісі күні ең ауыр күн болған,
Үйінен баламды шығарып салған.
Күлбаршын, Бақыт, Көшінтай тәтем, Алмазым,
Ағыл-тегіл аттандырдық босағадан.

Рахмет қонақтарға риза болған,
Барымды беріп білгенімді ұсынған.
Күлбаршын мен Бақыт бауырларға.
Қалған ғұмыр бойы берешек болам.

Сендердің де екі гүлің бір ұлын тұрған,
Ертең-ақ мен де бір жақтарынан шығам.
Ғалиямның орнын жоқтатпай.
Бүкіл жабдық шаруаны атқарған.

Қысқа өмірде жолың жінішке, қарғам,
Бағың ашылсын деп қашанда қалам.
Кейін бетің ашық болсын деп,
Ештемеден тартынбай аяғам жоқ жолыңнан.

Тоғызы күні Төкеңменен Рамазан,
Әкеліп берді астарын ауылдан.
Балаларының үйлерінде кезектеп,
Құдалардан балаларыма бата алған.

Оны күні баламның отауынан,
Апа жездем дәм әкеліп Қоныспайдан.
Қонақасы кетері бір болып,
Екі жақ бірақ шықтық вокзалдан.

Айналайын ағайын сөзімді тастамаған,
Жүрексініп ек барар жолдан.
Ойнап күліп байқамаппыз,
Жүргенімізді екі мыңнан аса шақырымнан.

Еліміздің екінші орталығы болған,
Сыр бойында орналасқан.
Бізді күтіп алғандай,
Жадырап жайнап тұрды Қызылордаң.

Ана жақтың біз барғаннан,
Кемшілігі жоқ қарсы алғаннан.
Соңына дейін бірге болды.
Туыстары әуел бастан жиналғаннан.

Отырыңыздар дейді жас құдам,
Шығасыздар аз уақытта ауылымнан.
Айналасы арық, қамыс, жиде, жыңғыл,
Жол бойы қарамал, қой, ешкі толған.

Жолымыз асқан жоқ бір сағаттан,
Осылай бірақ шықтық Ақжармадан.
Қамданып күтіп отыр екен,
Есік алды ойнап тұрды эстрадаң.

Кәртiшке, бейнетаспа түсіп жатқан,
Шәшу шашып бір ауыл амандасқан.
Нағыз қазақ иісін сезіндік біз,
Қарапайым кішіпейіл өздерің жарасқан.

Ол жақта өте қызық той-думан,
Болмайды екен жасы қалған көкпардан.
Бүкіл рәсім ретіменен өтіп жатты.
Біз жүрдік ортасында таң қалған.

Құдаларым да аспаса жоқ кем қалған,
Бірнеше күн шақырған үй той қылған.
Туыстарымның қайтар жолда айтқаны бар,
Тағы екі үш күнге неге қалмаған.

Ағайынмен Айманымның қуанышын атқарған,
Өзің ғана Галяжаным болмаған.
Аркам босап ауыр жүктен,
Жүргендеймін орындалғандай бір арман.

Бақытты бол деп айтам әрқашан,
Қосыла анаң армандаған аңсаған.
Қидым кештім тұрмысыңа,
Бауыр еттей өскен балам.

Папанның күнінде жалғыз қалған,
Жүргенінде әңгіме өсек жан жақтан.
Бар жүрек көңіл бірге болса да,
Бір ғана сұрақ сен қолдамаған.

Есінде болсын әкең оған қарамаған,
Өмірдің ащысы емес тұщысынан.
Бір сәттер салыстырарсың кездесе,
Келетін болар сонда ойланар шамаң.

Қиналып әлі сағынам,
Қия алмай сені Ғалиям.
Осы күні зәрумін көруге,
Қарасыңа саны жоқ жымиған.

Көрсен ғой мені толықсыған,
Бірде жылап, бірде қуанған.
Құдайдың осы бергеніне де,
Шүкіршілік етіп риза болам.

Жеткенім осы, сен жете алмаған,
Көрсін деп бізге қалдырған.
Айткенім ұшып қияға,
Әттең өзің тек бола алмаған.

20.11.02.

Туған ағама

Ағатайым, өткізгенде тойынды,
Жақсы хабар билеп бойымды.
Арнайы айта алмап ем,
Өзіңе деген бір екі ауыз ойымды.

Ес кіргелі білетінім өзінді,
Әкеміздің айғайы мен таяғына төзімді.
Шешемнің өгейлігі әсер етті ме,
Жастайыңнан ашқан ең көзіңді.

Әжеміздің қолында болып оқуды,
Тәрбие алып жігіт болды.
Суда жүзген балықтай,
Достарыңмен аралайтын Көкшетауды.

Ұмытқан жоқпын соққаныңды,
Әсіресе батқан жұдырығыңды.
Еркеліктен бе талай рет,
Бұраушы ең аяқ қолымды.

Бұл да бір маған оқу болды,
Өзің сияқты салу қолды.
Білмеймін әбден өткені ме,
Есейе келе мүлде қалды.

Әкеліп неше түрлі ойындарды,
Үйрететін бүкіл ауылды.
Өткізетін дамыл таппай,
Қысқы, жазғы каникулды.

Еске алғасын ағатайды,
Ана-мына қайдағы жайды.
Артық айтты деп кінәләмә,
Жедел өскен бауырың Сансызбайды.

Айнала жалғыз қарағайды,
Төртінші жыл айналысып егін жайды.
Өзі бітетен шаруадай жүресің,
Баяғыдай жұмсайсың Сансызбайды.

Ауыр өмір адамды қартайтады,
Жаксы тұрмыс жасартады.
Самайыңда бір ақ жоқ,
Алпысқа келді деп сізді кім айтады?!

Жүре бер, бауыр, мақсат етіп,
Әке, әжеңнің жасағанын тәубе етіп.
Көпсінбеймін сізден ғұмыр,
Қажықен ағамыздай тоқсанға жетіп.

Иә, Төкем, қысқа өмірде жүдедің де,
Қызметің біраз атқарып көрдің де,
Өкінбе шүкіршілік ет,
Ауырыңқырап аздап жүргенінде.

Бұл күнге аз емес жетпеген де,
Бүгін мына тойды көрмеген де.
Қос тамшыдай Қайратым мен Ғалиям,
Жүрмес пе еді арамызда өлмегенде.

Қырық жыл қайынында жүріп жатсың,
Қызығын гүлдеріңнің көріп жатсың.
Уайымың азығың мен ақша боп,
Жеңгеймен бір жастықта таңың атсын.

Ойнаған боп бұрмалап жол жөнінді,
Ағайынмен көтеруші ең көңілді.
Данқойға байға шыққам деп,
Күлдіруші ең қайының мен елінді.

Осыған аман есен жеткізгеніңе,
Тағдырдың ащы-тұщысына көндіргеніңе.
Жүрсе де ызындап мазанды алып,
Рахмет айтарымыз туыстардан жеңгемізге.

Жеңгеміз де кемшілікті көргендей,
Оған қайсарлығымен ғана төзгендей.
Еңбектеріңмен жинақтаған бала деп,
Барды жоқты жанұяң үшін жеткізгендей.

Жасында қалған рахатқа бат,
Тұрмысыңа бұрынғыдай түңілсін жат.
Немерелеріне қол үшін тигізіп,
Қартайып көңілді боп шер тарқат.

25.11.02.



Досыма (Балтабаев Совет Хамитұлына)

Өмір бойы бірге жүрген БСХ-а
Жақындап қаппыз біз де алпысқа.
Ата-ананың арқасында түк сезбей,
Мәз боламыз қол жетті деп табысқа.

Кішкентайыннан тырысушы ең намысқа,
Түстік қой сансыз талай шабысқа.
Құдайдың жазуы осы болды.
Екеуміз де ұзамаппыз алысқа.

Ертеден кірістің сен жазысқа,
Көзге түсіп атың шықты облысқа.
Экономист болып өтемін деп,
Көп мән бермедің ақындыққа.

Дегенмен күр алақан болмаққа,
Менің есебім бойынша бір кітапқа.
Сиятын болған шығар,
Неге соны жинақтап жимасқа.

Қарап жүрсін бе қаражатқа,
Қимылда, бауырым, аландама жан-жаққа.
Бір ауыл боп күш жиылар,
Жалғыз сені жерге қаратпасқа.

Ризамыз ғой қолдап жүрген Мұратқа,
Бес баланның анасы Күмәтқа.
Жасына жас қосыла берсін,

Бәріміздің тілеуіміз Ұмсындыққа.
Немере сүйіп жеттің аталыққа,
Қалған жаста бейнетке енді соқтықпа.
Бой күткенге ештеме жетпейді,
Жұрттан қалмай өмір сүрсең артық па?!

Қалды деп күнім қалада айлыққа,
Өкінбе қанағат бол осы ырыздыққа.
Қара су ішсең де дейтін Ғалиямыз,
Жетпейді бәрі бір денсаулыққа.

Шыда деп ең бастағы ауырлыққа,
Салына бермей құр қайғылыққа.
Жанашырларымның бір өзіңсің,
Осы күнге дейін келмеген қарсылыққа.

Ортамыз өскен толсын қызыққа,
Жалғассын жақсы ісіміз ұрпаққа.
Осы бір жазғанымды қабыл ал,
Советжаным, жалпы өмір қысқа.

04.12.02.



Алмаздың туған күні

Толғанда сен он алтыға,
Қуанып еді анаң жаны шыға.
Содан бері үш жыл өтті,
Бүгін толдың, міне, он тоғызға!

Жүрсін ғой, ұлым, көп ойлана,
Ойнап күлетін шағында мына.
Анасыз қалған бұл өмірде,
Сен емессің жалғыз ғана.

Ұстаған, балам, жолыңнан тайма,
Бірдей бол бар ағайыныңа.
Үйренген әкеңді жалғыздыққа,
Құдай сақтар ойлама.

Келгенінде жексенбі, сенбі, жұмаға,
Отыра алмайсың араласып шаруаға.
Мәз болып әкең жүреді,
Бір жағына шыққанына қуана.

Батылдығың тартсын атаңа,
Ақылды боп ұқсап нағашы апана,
Қызметіңәкеңнен асып,
Сабырлы бол аумайтын апана.

Қашан да ризамын ғой Алмазыма,
Құдай қосып Орынбекті қызыма.
Екі балам үшеу болып,
Жүргенім бойға сыймай қызығыма.

Ғалиямсыз таңым атар ма,
Балаларсыз күнім батар ма?!
Алмазымды екінші отау қылсам,
Қалған жасым мұңсыз болар ма?!

Батасының үлкен кіші ботама,
Тілегі іске ассын балама.
Көпшіліктің айтқаны қабыл болсын,
Анасының армандайтын ұлына.

Сұраймың, балам, қарама,
Әлі жассың деген ағайынға.
Он үште отау иесі деген,
Жасыңсенің толды он тоғызға.

Бір ай қалды келесі жылыңа,
Сақтап жүр айтылғанды ойыңа.
Жиырма жасқа толғаныңша болайық,
Жиналатын балам үйлену тойыңа.

08.12.02.



Жабал Ерғалиевке – 50 жас!

Елуге кеп, Жабалым, өрге шықты,
Мереке болды қайырлы құтты.
Көкшениң бір төрінде бөлендің нұрға,
Жүре бер арамызда абыройлы мықты.

Бабаларың Бабаназар, Жұмжұма атакты,
Солардан жалғасқан кішкене бақты.
Босатпа қолдан, жоғалтпа жолда,
Ризамыз біз саған өте қатты.

Қашан да тұрған бойың салмақты,
Айтқаныңнан бір қайтпайтын тұрақты.
Осы жігіт қалай дегендерге,
Көрсетіп жүрмін шошайтып бармақты.

Кім көрмеді жасында барды, жоқты,
Шүкірлік ет барсын ғой жан-жақты.
Бұрын сонды болмаған Көкшеде,
Міндің ғой қос темір арғымақты.

Бөлісіп қонақтармен сіздің қуанышты,
Туыстарың түгел арқа тұтты.
Әке шешен өзің қадірлейтін,
Ойлаймын сол күні аунап жатты.

Қазақ театрының сахнасында жинақты,
Көрініс жасалған басыңнан өткен шақты.
Кейіннен айтыса сөйлесе келсек,
Жүрегіңе батпаған жан қалмапты.

Айтсаңшы мына біздің азаматты,
Қарасаймен дүрілдеткен бүкіл қазақты.
Абылай ханның жерленген жерінен,
Жеткізістің ордасына топырақты.

Облыс жабылып мұнайтып әрбір көкшетаулықты,
Біріне бірі қия алмай жатқанда редакторлықты.
Жаңа ашылған газет ұжымының,
Әріптестеріңнен бұрын алып ең басшылықты.

Бірнеше жыл екі облыс та орнықты,
Жинақтадың манайыңа жақсылықты.
Көп жыл тәрбие көзі “Көкшетаудың”,
Арасында өткіздің “жетпіс жылдықты”.

Тумаса да туғандай бір қалыпты,
Ортақтасып жүресің ренішпенен қызықты.
Қара қайғы басымызға түскенде,
“Жүрек азасын” арнадың сыйлағаннан аруақты.

Ойлайтын молынан болашақты,
Шеттеріңнен бірікпей дара қашты.
Келіп кетіп жүргенде таңқалатың,
Осы жерлестерім неден састы.

Ренжитін біреуінің басқармалықты,
Шықпағанына тумасының билеуге Қарағашты.
Айтатын қырық жылғы жиналғанды,
Жау соққандай бірақ шашты.

Емессің ғой ойлайтын жеке басты,
Бүгінгі аталып жатқан елу жасты.
Тойы деп санарсың және еске алып,
Осы күнге жете алмаған құрдасты.

Жара бер қара сөзбен қара тасты,
Бұдан бұлай мақтай біл бар халықты.
Ұлын, гүлің қуантып тағы да,
Құдашамыз ұстасын биік шаңырақты.

Ұзақ өмір сүр жанұяңмен бақытты,
Шығармашылығына берсін шабытты.
Болсын тек еститініміз, көретініміз,
Жабалымыз атағын елге тағы танытты.

10.12.02.



Төлеген Қажыбаев – 60 жаста!

Туған ағамның құрдасы,
Қарағаш ақындарының жалғасы.
Атыңыз шыққалы ежептәуір,
Қалың Даңқойдың бел баласы.

Жүрген жерде абыройлы жақсы,
Көкше қаламгерлерінің сыйлысы.
Осы күнгі редакторда не бар дейсін,
Жәйлі жүргеніңіз емес пе тиышы.

Аз емес қазақ даласы,
Көрінеді ішінен тек дарасы.
Солардың біреуі боп көрінген,
Қажыбаев Төлеген ел ағасы.

Келген бүгін алпыс жасы,
Кемеңгерліктің енді басы,
Қалған жаста шыға берсін,
Ел сүйіп оқитын шығармасы.

Арқалы тойдың бар куәсі,
Келмеген жан жоқ жақын алысы.
Теміржолшылардың сарайында,
Көрінбеді орынның босы.

Ақселеу мен Серік досы,
Мақтауларын Төкеңе аямай осы.
Кәкімбек пен Сәкенге қосылды,
Баян ақсақал да нағашысы.

Есебіңіздің ел алдында болмағаны олқысы,
Жеңгеміздің де еңбегінің арқасы.
Оның бір белгісі тойға деген,
Жасалған дастарханы мен мол асы.

Емші де, әнші де Төкеңнің Ярапиясы,
Бес бауырымыздың анасы.
Қол үшін бергісі кеп тұрады.
Қыбырлап жүріп келгенінше шамасы.

Ағасы бардың бар жағасы,
Інісі бардың нағыз тынысы.
Байқалып тұрды көпшілікке.
Бауырларының атқарған шаруасы.

Қатысушылардың болды бір демалысы,
Ұйымдастырушылардың шыққандай ойдағысы.
Сіздің тойға ортақ болған,
Қонақтардың қуаныштан бет алысы.

Тойыңыздың керемет тамашасы,
Қалған жан жоқ болмаған ризасы.
Көргенімді он екі ауызға түйіндедім,
Жаңатілектің Сансызбай деген тумасы.

15.12.02.

Жаңа жылдың тағы, міне, келгені...

Жаңа жылдың тағы, міне, келгені,
Үш жылымның қайғымен өткені.
Түсінетін ешкімім де болмағасын,
Бұл жылдан да күтпеймін ештемені.

Әйтеуір аман болсын, ағайыным,
Қол қабыс жасайтын маңайым.
Балаларыма болады жеткілікті,
Күн көрістеріне де жарағаным.

Не мұнда, не ойда жүргенімді,
Көрмендер әрі мына тірлігімді.
Жалғыз қалғанда балалар кетіп,
Ойдан қалам қинала ертеңімді.

Айтарсың кімге ренжігенді,
Тынымсыз сары уайымға берілгенді.
Аулақ болып жолатпасың,
Көрмек түгіл естігенді.

Күйеу балам дәмелейді,
Папа деп бірдеңе дейді.
Енді сен болмасаң қарғам,
Қалғандары ойлағанымды жөн демейді.

31.12.02.

Тірліктегі парызым

Өтіп жатқан уақытта белгі бар ма,
Алданасың тұрмыспен бұл жалғанда.
Жақында қолақпандай үш жыл толады,
Өткеніне өмірден жан жарыма.

Көпшілігің айтып ең бол шыдамды,
Айманың мен Алмазың қос балаңды.
Енді реніш көрмей,
Қызығын көріп жеткіз соларды.

Айтуларың айтқанмен жақсы жайды,
Кейін көрдім емесін оңайды.
Қанша бөлінсе де көңілің,
Нағыз қайғы соңыңнан қалмайды.

Е, пенде болғасын неше түрлі кездеседі,
Бірі жақындап, бірі шеттеседі.
Ойларынан шықпасаң өздерінше,
Білдірмей сыртыңнан белдеседі.

Өмірде не боп, не қоймайды,
Бәрі бірдей жақсы тұрмайды.
Жүріс тұрысыңды әңгімелеп,
Өз өзіңе балаңды қарсы жұмсайды.

Көптен көздеп жүрген жанұямның,
Тұрмыс құрып қуанттың, Айманым!
Бойымнан зіл жүк түскендей,
Өмірдегі орындалып бір арманым.

Қашан да еске алдыратын анасын,
Айналайын ізбасарым, Алмазым.
Осыны бір отау қылсам,
Тірліктегі бар үлкен парызым.

Балам, саспа ешкімге жоқ қарызым,
Тілеймін тек амандығыңды жалғызым.
Біз жоқта ат атандырмай жүрсең,
Болар менің саған айтар алғысым.

Бұл өленді неге жазды десендер,
Келді кезек маған берер.
Шыдамым таусылды деп айтпаймын,
Әркімнің жолы бөлек өзі жүрер.

Емеспін балам, еркек қоры,
Бітпесе де өмірде маңдай соры.
Ошақ қасы шаңырақта болмаса,
Түкке де татымайды бәрі, бары.

01.01.03.



Босағамды қимағанмен

Табылар іштеріңнен мені түсінер,
Жүрмін бүгін жағдайда дос күлер.
Балаларым, көңілдерің қалмасын дегенмен,
Қашанғы әкең күні қуыс өтер.

Қарадым да, байқадым да енді жетер,
Ренжитіндей туыстарым келіп кетер.
Тізе бүктіріп дәм татыратын,
Адам қажет босағама бәрін істер.

Қашанғы шаңырағым мына жүдер,
Ғалияжаным енді мені кешіреді.
Босағамды қанша қимағанмен,
Мезгілі жеткендей біреудің кіреді.

Ие болып әкелеріңе жүрсіңдер,
Ар жақ бер жоқ ештеңені білмейсіңдер.
Жазатайым үйден шыға алмай қалсам,
Елге жұртқа қай бетіңмен не дейсіңдер?!

Қайтқан күнінде үлкен дұға берем,
Аналарыңның алдынан тағы өтем.
Өмірдің жалғасы бар бір күн болсын,
Содан кейін ренжімеңдер біреуді кіргізем.

Келмейді қайтіп күн өткен,
Балаларым, осы мінез неткен.
Біреуден қызғанасың қимайсың ба,
Бәрібір қалмаймын ба болып әкең?!

Заман жайға ауып назарым,
Ендігі болсын жазарым.
Қой жылымыз тиыш боп,
Елімізде бола берсін тойларым.

02.01.03.

Көңілім

Легіп кетсең жарым болып,
Қалған ғұмырда барым болып.
Балаларыммен қайшы келмей,
Қалсаң екен нарым болып.

Болып еді бір соққаным,
Есік алдына қайынымның.
Аршындап шыға келгенде,
Көріндің өзіндей Ғалиямның.

Содан ба суыған көңілім,
Ақырын жылығандай жүрегім.
Оған да, міне, біраз болды,
Тапқандай Галямды жүремін.

Сенің де оңай емес қал-жағдайың,
Шеккенің де аз емес тұрмыс жайың.
Егер сен бола алсаң маған серік,
Жасымда қалған жасытпаймын.

Ғалиямның орнын басу,
Балаларыммен қажет татуласу.
Қолыңнан бәрі келсе де,
Жеңіл тимейді тіл табысу.

Кімнің болмасын баласы,
Көрініп тұрады таласы.
Көңесің де көтересің,
Қалмайын деп обалына көз жасы,

Бүгін балаларыма керек сияқтымын,
Ертең қартайғанда не болатыным.
Өз басым көзім жетпейді,
Жолын біле тұра тұқымының.

Өмір бақи былай жүрмеймін,
Айта алмаймын жүдеп сүрінбеймін.
Әттең, балапандарым түсінбей жүр,
Әрине оларға жалғыздықты тілемеймін.

03.01.03.



Ұмытам ба?..

Айтады ағайыным емес жассың,
Басқа бермес шаруаны атқарып жатсың.
Ризамыз бәріміз де және аруақ та,
Жалғыздыққа қашанғы шыдамақсың?!

Ажалы Ғалияның құдай ісі,
Дейді жеңгем жоқ сендей кісі.
Естігенде әркімді әр жерден,
Таңқаламын қайнымның осы қай жүрісі?!

Көргеміз жоқ деп ренжіткенінді,
Білетініміз алақанға ұстап өткенінді.
Еске алады туыстарым,
Ғалия деп барға, жоққа күйгенімді.

Қашан болсын алқынбай жүргенінді,
Арқасы деп мақтаушы ең Сәкенінді.
Арасында қызметке ғана болмаса,
Есімде жоқ көліктерден түскенінді.

Сырқатың жаныңа батып төзгенінді,
Ұмытам ба, тағдырдың жазуына көнгенінді.
Жазыламын деп ешкімді тыңдамай,
Пышаққа тосып қайта жүрегінді.

Жұрт қатарлы жүре алмай көріп қорлық,
Шешілгенің операцияға болды зорлық.
Өттең болмады ғой ойдағыдай,
Болсақ та бүкіл ел боп үміт артып.

Түскенінде есіме, Ғалиям-ай,
Енсем түсіп мүлде қалам-ай.
Туыстардың білгені сол ма,
Жүргені бәрінің шеттеп жоламай.

Өзіңмен алғашқы кездескенім ед,
Қызмет жайыменен екінші рет.
Қуанышым мен ренішімді бөлісіп,
Әйтеуір “Алабота” елі көтеріп келед.

Шақырғанда ағайыным келіп қайтады,
Үйт-бүйт деп ақыл маған айтады.
Балаларға ештеңе демей.
Іштегілерін маған ғана таратады,

Балаларымсыз қайта екеу болмайтыным,
Көңілдеріне кіршік ешқашан салмайтыным.
Үш жыл толса дағы Ғалиямның жоғына,
Көздерінің әлі жетпегеніме ағайыным.

14.01.03.



Көкше жолы — өмір жолы

Жүргенде осы жолмен, Галяжаным,
Талай рет өзер жетіп шыдамың.
Анда-мында соқпаймыз ба дегенімде,
Морт кескендей жетеді деп қаңғыруың.

Келе жатып еске аламын айтқаның,
Денсаулықтың жоғы-ай деп Ғалиямның.
Жасыл желек қандай көк майса,
Неге тұрар дем алып бір қайтқаның.

Жолшыбай екі жақ өскен қайың,
Көлеңкеме кел деп тұрғандай дайың.
Жанұяммен тоқтаған емеспін,
Өкінемін бір бұрмағаныма өткен сайың.

Алғашқы рет Алматыға шыққаның,
Сол жолы аман-есен қайтқаның.
Екінші рет тағдыр ісі, Галямай,
Ауыр болды өкінішке орай ақырғы жолың.

Жол үстінде сынып көк атымның,
Ғалияммен Қызылтаңға соққаным.
Ақауын жөндегенше бата алып ағамыздан,
Үш күннен дүниеге келіп еді Алмазым.

Қырық жылға жуық салынғаның,
Өмірді жеңілдеткен тас жолым.
Жылына қанша ойылса да,
Сонша жедел жамалады шұңқырларың.

Аз емес апаттан келген ажалы,
Тәлкегі ғой тағдырдың қазалы.
Біразының көз жасы болды ғой,
Өтіп жатқан мына өмірде мазалы.

Болдың маған өмір жолы,
Қашан жүрсем көңілім толы.
Бірақ рет еңіреп келдім,
Ғалиямды әкелген соңғы жолы.

Жүрген екен осы жолда,
Аталарым да жегіп арба-шана.
Жартысы елде тұрып,
Қалғаны күнін көрген қалада.

Жүргенінде жолымыздың даңғылы,
Тұратындай тілеп сапарыңның оңы,
Аласапыран борандарда да,
Жабылмай көпшілікті қуантқаны.

Арнадым өлеңдерімнің бір екі жолың,
Қызықтардың өмірден көрдім молың.
Көкшетау – Омбы бағытындағы,
Аз емес әсері осы асфальт жолдың.

31.01.03.

Шәкен шешей

Ауырып жатыр дегесін соғып ем,
Танқалдым кезінде қандай адам ең.
Апыр-ай, көретінің осы ма еді,
Тумасам да болғандай шешем.

Кеткенінде басыңнан берекен,
Алыс жақын жоламайды екен.
Деп мұная айтқаны жыламсырай,
Қалай, айналайын, келдің сен?!

Осылай болады деп ойлап па ең,
Өзіңді білгелі айбатты ең.
Шіркін-ай көріліктің жеңгені ме,
Ер азаматтай қайратты ең!

Біраз жерге атың шыққан ең,
Қонаевқа екі рет ас берген ең.
Облыстың , ауданның, колхозыңның,
Басшылары Шура жеңгей деген.

Айтынып жатты сол атышулы Шәкен,
Қолтықтаған келіні Серікпен.
Бүгін алса да даярмын деп,
Өміріме разымын жүрсем де ертең.

Өткенді көп еске алып ең,
Қалай батылы барды екен.
Ойымнан шықпай қойды кетерімде,
Бақыл бод, қош бол деген.

Дүниеден өтіп күйеу Еркен,
Қыздың халі енді не болады екен?!
Соған да егіліп отырды,
Жете ала ма деп анау Сібірден.

Кінәм жоқ деп оқымаған өздерінен,
Мөлтiлдеп жас келдi көздерінен.
Рахмет Рамазан мен Күлбөршінге,
Әйтеуір балаларын оқытып жеткізген.

Төсек тартып жүдеген әбден,
Әлі де көп жағдайды ойлайды екен.
Өздері түгілі жек-жатты тілеп,
Шіркін-ай, жанашыр ғой ана деген.

Араласқан ертеден ата-анаммен,
Мың жылдық құда болдық кейіннен.
Бір адамның бойына жарасатын,
Із қалдырып ғұмыр сүрген.

Денсаулығы нашарлап төмендеген,
Кешегі гүрiлдеп тұрған Шәкен шешем.
Тағдырдың бұл ісіне жалғыз ол ма,
Басқа түссе жалған-ай кім көнбеген?!

Қолынан сөз де, іс те келген,
Елдегі азды көптің бірі ең.
Өкінішті-ақ шаршағаның, қажығаның,
Құдайға қарсылық жоқ әттең!

Әйел емес азамат ерге тең,
Мінезіңмен төзімің қандай кең.
Жаутандап мына жатқаның,
Білген адам сенбейтін жәй екен.

Осылай міне құдағи Шәкен,
Қолға қарап қалған екен.
Ылайым тыйыштығын берсін,
Сексенге келсең де қимайтын жан ең.

07.02.03.

Ауылдағыларға

Деректірді көрмесек екен,
Кездеспесек біз жүрген.
Жұрт жиналған жерде,
Жұмыстан қашқандарға көлденең.

Ерекшесін бе бөлініп елден,
Жалғыздығым аз ба екен?!
Қалай ауыздары барады,
Неше түрлі көңілге келген.

Ей, халқым жоқтан өзген,
Күтпеймін әлі сендерден.
Табағыңа сұқпаймын қолымды.
Бір айтпағанымды көпсінген.

Неғылар ең жүрмесем,
Артық емеспін ас-ниеттен.
Құдайым аулақ қылғай,
Елімменен жүздеспеді кәнеттен.

Беттеріңді бұруға даяр мен,
Мұсылмандыққа шабан ел ең.
Елдестерім көзіңді аш,
Орыс заманы келмейді енді мүлдем.

Боласыңдар ма қазақ ұйтпесең,
Аяқ шалысып жүрмесең.
Е, әйтеуір аман болайық,
Заман-ай өзгерермең үндемесең.

13.02.03.

Бұл өмірге жалғыздықпен тоймаймын...

Бар еді бір апайдан естіп қалғаным,
Талай жерде талай төрге шыққанмын.
Алмап ем деп ренжігендей,
Қосағыңмен қоса ағар деген батамның.

Әркім өзінше ойлайды өз жайын,
Бәрі де ісі ғой құдайдың.
Маған айтылғандай болды,
Айтқаны бір тойдағы сол апайдың.

Еске ала өткен күнді ойлаймын,
Келін боп түскенінде Ғалиямның.
Көз тиді ме, тіл тиді ме,
Болғаны рас па деймін сұм жайдың.

Аз емес ағайыным баратын,
Қуанышпен реніште қолдайтын.
Ғалиямнан айырылып қалсам да,
Алыс жақын аман бол жұбанатын.

Төбем ғой Алмасым мен Айманым,
Ренжісе олар менің қалғаным,
Оларсыз ештеңе істей алмай,
Сондықтан да жападан жалғыз отырғаным.

Жүргемін жоқ айтқандарға болмаймын,
Бұл өмірге жалғыздықпен тоймаймын.
Жер бетін қанша басып жүргенше,
Балаларыммен Ғалиям атын жоймаймын.

Осының бәрі ойды шағатын,
Емес пе жәй әбден бататын.
Іштен шыққан шерімді,
Түйіндеп өзімше жүрмін жазатын.

15.02.03.

Апат пен атақ

Ойға түссе адам адасады,
Миы қатып әр нәрсеге шатасады.
Осының бәрі араласып,
Аяқ астынан қара басады.

Бұған куә өз басым,
Кейін болғаны ғой көз жасының.
Чкалов пен Аққұдықтың арасында,
Не керек көз жұмып қалмағасын.

Ажал жоқ деген осы екен,
Келе жатып үлкен көлігіммен.
Қалай болғанын білмеймін,
Бірнеше рет домалаған екем.

Ішпей жемей кез келген,
Мұндай сұмдықты кім білген?!
Көргенім аз да емес, көп те емес,
Құдайым неге алмадың екен?!

Белгісіз әлі қанша жүрем,
Белгі болды басқа тиген.
Таяқ жедік әп-сәтте,
Күндегі өтіп жүрген жерден.

Әйтеуір бар екен күн көрген,
Әсері ме аруақтардың жебеп жүрген.
Жігіттер жетіп келгенде,
Айтқаным рас бұдан да артық өлген.

Аяқ астында айрылып еңседен,
Отырдым шыға алмай үйден.

Тіршілік өз сағасына бұрады ғой,
Сынықтың жөнделуін отырып ап есептеген.

Бейнет ажал кейін екен,
Әлде балаларымның бағы ма екен?!
Ойлана бәрін талдасам,
Бұл дағы абырой құдай берген.

Жүргізушіме талай ымдаушы ем,
Володя мына жерді байқап жүр сен.
Ақыры өзім кездейсоқ,
Апатпен атаққа тура кездескен.

Бауырларым да шала-пұла естіген,
Басқалары да шығамыз деп көңілден.
Келіп шығып жатты,
?ашан да біргеміз деп өзіңмен.

Расында осындайда білінген,
Түсінесің кімнің кім екен.
Шіркін-ай, қандай тәтті жаның,
Жүрегіңнің ұшында үлпілдеген.

Осылай жақындап қайттым Ғалияма,
Тым ертерек орал деді жанұяма.
Асықпа жүре тұр әлі,
Мезгілінде жетерсің деп жаныма.

Бір сәттегі өмірімнің қатасына,
Өкінбеймін тигенімен басыма.
Аман қалдым жарاقاتсыз,
Мүмкін көпшіліктің берген батасы ма?!

16.02.03.

Көз алдымда тұрасың

Болмай бізге жасатқаның,
Операцияны үш жыл бұрын.
Ұмытыла ма өмір бойы,
Содан мүлде тұрмағаның.

Алдыңғы кештегі отырғаның,
Болғандай бізбен қоштасқаның.
Сенерінді сенбесінді ертеңіңе,
Білдіріп тұрды мұңайғаның.

Айтқың келіп қынжылғаның,
Артынан деп қысылғаның.
Ести алмай өкінемін,
Осы күні қалғаным, Галяжаным!

Не болса да кешіре алатының,
Мәңгі есімде қалатының.
Біреу біліп, біреу білмейді,
Сондықтан да жоқтанып батынатыным.

Ренжігеннен бірсыпыра жазғаным,
Өзіңсіз шықпай шала жаным.
Үш жылда өткен емес,
Уайымсыз батар күн мен атар таңым.

Мазасы кеткен ағайындарым,
?қпай жүр ғой балаларым.
Дүние маған қарап қалғандай,
Көбейіп кетті-ау ақылдарың.

Шіркін-ай, жақсы ғой жиналғаның,
Үйге симай жанашырларым.
Балаларға біреуің де үндемей,
Кеттің-ау тағы ішіп-жеп қана тамағың.

Басын қосып туыстарымның,
Еске алу дұғаң мен жұмалығың.
Өткізілді оқытылып аят-кұраң,
Қабыл болғай ниеттеніп дайындалғаным.

Қашан да сен дегенде мен дайын,
Тек қана қажамаса екен уайым.
Таңертеннен кешке дейін,
Көз алдымда тұрасың Галятайым!

28.02.03.



Жол жүріп кеткендейсің

Жоғыңа сенің сен алмай,
Үш жылдай уақыт ассадай
Көз алдыма тұрғаның,
Жол жүріп кеткен адамдай.

Орынында болмағаның Галям-ай,
Жанымызға қаты батады-ай,
Басымыз біріккенде шаншылады,
Шипасы жоқ ашық жарадай.

Жалғыз өзім қалғандай,
Сенен басқа жан жоқтай.
Салынасың уайым қайғыға,
Ақыр заман болғандай.

Сағынғаным бәлкім тоқтарма-ай,
Жесірлік деген қаларма-ай.
Ортамызға оралып кеп.
Бір сәт қана болсаң-ай.

Алды артыңа қарамай,
Бір-екі ауыз сөз тастамай.
Мәңгілікке бет бұрдың,
Мен қалдым ешкім тыңдамай.

Отырғанда бірге соңғы жолы-ай,
Біздерге бір үн қатпай.
Бірнеше рет қайталадың,
Алмазым аман болса екен-ай.

Жырласам да шерім босамай,
Қаламын аңсағаным басылмай.
Келмейтініне көз жетсе де,
Сағынамын сарғаямын орның толмай.

Оянасың күнде таң атпай,
Еске келеді қай қайдағы-ай,
Сандалумен қаламын ба,
Суша ағатын мына замандай.

Күн көріс шаруа болғанымен ойдағыдай,
Қайтып келмес күнім баяғыдай.
Тағдырымның сокқысы шығар,
Көтере алсам жүк нарындай.

03.03.03.



Шүкіршілік етіп қыламын тәубе

Жуырда бейне таспаға қарап ем,
Тағы да жүрегімді қозғап ең.
Өзің, сөзің сол қалпыңда,
Қиылатын ана жаққа жан ба ең?!

Алғашқы шумақтарды жазғаным,
Үш жыл бұрын өзіңе арнағаным.
Егіліп отырып екі ауызды,
Еске түсті шәй үстінде құрағаным.

Тапсырғандай бізге біраз аманатың,
Орындалып жатқандай іске асатын.
?ттең өзің ғана көрмейсің,
Қуантқанын әкесін қос қанатың.

Жақсыны да жаманды да көреді екен,
Не болса да адам көнеді екен.
Балаларым отау болғаннан бері,
Жалғыздығың да аяқты шалады екен.

Бәріңе шыдап шамамша көнгендейсін,
Өмірдің ащы тұщысын біраз түсінгендеймін.
Не боларын ертеңіне біле алмай,
Өз жайыммен ғана жүргендеймін.

Ризамын Алланың алып бергеніне,
Шүкіршілік, етіп қыламын тәубе!
Бұдан ауыр жағдай болса,
Не істер едім мына күнде?!.

14.03.03.

МАЗМҰНЫ

<i>Ақ тілек</i>	4
<i>Көкжал</i>	5
<i>Балаларыма</i>	7
<i>Қиын екен расында</i>	9
<i>Өзімді жұбату</i>	10
<i>Есіме түседі әке, ана</i>	12
<i>Қарағашқа</i>	16
<i>Ауылым</i>	20
<i>Жоғың сенің батады</i>	23
<i>Өкініш</i>	25
<i>Бурабай</i>	26
<i>Көңілді жібітесің</i>	27
<i>Атың сенің өшпесін деп</i>	30
<i>Танысып ем өзіңменен</i>	32
<i>Балаларыма наз</i>	33
<i>Әрине оңай емес</i>	35
<i>Жас келді екі көзден</i>	38
<i>Жүрексінем</i>	39
<i>Жаныма әбден батады</i>	41
<i>Әлі есімде</i>	43
<i>Алаботаға</i>	46
<i>Әке тілегі</i>	49
<i>Менің әкем</i>	52
<i>Аптайға</i>	54
<i>Өзімді өзім жұбату</i>	72
<i>Тарта бер алға жарық әлем</i>	74
<i>Наз</i>	76
<i>Қызыма</i>	77
<i>Ағаға наз</i>	79

<i>Налып жүрмін.</i>	81
<i>Қашан да риза болам.</i>	83
<i>Алғашқы қуанышым.</i>	84
<i>Туған ағама</i>	89
<i>Досыма</i>	92
<i>Алмаздың туған күні.</i>	94
<i>Жабал Ергалиевке – 50 жас.</i>	96
<i>Төлген Қажыбаев – 60 жаста.</i>	99
<i>Жаңа жылдың тағы, міне, келгені.</i>	101
<i>Тірліктегі парызым.</i>	102
<i>Босағамды қимағанмен.</i>	104
<i>Көңілім.</i>	105
<i>Ұмытам ба?</i>	107
<i>Көкше жолы — өмір жолы.</i>	109
<i>Шәкен шешей.</i>	111
<i>Ауылдағыларға.</i>	113
<i>Бұл өмірге жалғыздықпен тоймаймын.</i>	114
<i>Апат пен атақ.</i>	115
<i>Көз алдымда тұрасың.</i>	117
<i>Жол жүріп кеткендейсің.</i>	119
<i>Шүкіршілік етіп қыламын тәубе.</i>	121

Сансызбай Алпысбайұлы

«Көңіл шері»

Редактор: Жабал Ергалиев.

Техникалық редактор: Жұмабике Күтербекова.

Корректор: Раушан Омарова.

Басуға 03.04.2003 жылы қол қойылды.

Бағасы келісім бойынша.

Қалыбы 1/16. Офсеттік басылу.

Таралымы 300/62. Тапсырыс 1975.

Кітап «Көкше-Полиграфия»
ашық акционерлік қоғамында басылды.

475000, Көкшетау қаласы,

Еркін Әуелбеков атындағы көше 98.